Система морфологической разметки обоих корпусов ориентирована на представление всех регулярных словоизменительных грамматических форм, не всегда отражаемых и совпадающих с формами, принятыми в академической грамматике. Морфологическая информация башкирской словоформы в корпусе включает: а) частеречную характеристику; б) совокупность морфологических признаков по типу агглютинативных аффиксов словоизменения, которые подразделяются на именные и глагольные формы[*].

Выделяются 12 частей речи: имена существительные, числительные, прилагательные, наречия, глаголы, местоимения, подражательные слова, междометия, модальные слова, союзы, частицы, послелоги. Эти характеристики указываются в словаре основ.

Именные морфологические признаки включают показатели следующих 15 категорий: числа, падежа, принадлежности, сказуемости, вопросительности, неопределенности, усиления, притяжательности, уменьшительно-ласкательности, уподобления, атрибутивный

[*] Авторы выражают благодарность член-корреспонденту РАН А.В.Дыбо за ценные советы в разработке системы морфологических разметок башкирского языка.

локатив (дағы/тағы), обладательности, лишительности, предельности, сравнительной степени.

Глагольные морфологические признаки включают показатели следующих 11 категорий: вопросительности, неопределенности, усиления, отрицания, наклонения, деепричастия, причастия, имени действия, инфинитива, хабитуалиса (**сан/-сән**: барыусан, үсегеүсән), образования абстрактных субстантивов (**-лыҡ/-лек**: етерлек, алырлыҡ).

В корпусе размечаются следующие подкатегории для глагольных форм: 1) времена (настоящее время, будущее время: будущее неопределенное время, будущее определенное время, прошедшее время: прошедшее неопределенное время, прошедшее определенное время, предпрошедшее определенное время –**ғайным/-гәйнем**); 2) подкатегория лица (1-3); 3) подкатегория числа (ед., мн.).

Для именных форм выделяются следующие подкатегории: 1) подкатегория лица (1-3); 2) подкатегория числа (ед., мн.).

Морфологический анализатор корпуса реализован на основе алгоритма последовательного вычленения из словоформы букв и сравнения остатка словоформы и вычлененного фрагмента со словарями основ и аффиксов башкирского языка.

Для правильной идентификации основы и аффиксов используются грамматические фильтры: 1. Фильтр соответствия фонетической структуры аффикса фонетической структуре основы 2. Фильтр соответствия сочетаний аффиксов нормативным правилам. Данный фильтр основывается на списках возможных моделей сочетания словоизменительных аффиксов башкирского языка, которые были нами ранее рассмотрены в одной из наших работ [60]. 3. Фильтр графической передачи на стыках фонем.

Словарь основ включает нарицательные и собственные слова. Нарицательная часть словаря основ состоит из 60 тыс. единиц, включает лексику литературного башкирского языка. Часть имен собственных словаря включает имена, фамилии, отчества, клички животных и людей, географические названия башкирского и русского языков, имеет объем порядка 20 тыс. единиц.

В словарях основ указаны части речи, типы нарушений сингармонизма и возможные остатки основ при словоизменительных процессах и прочие варианты.

Прект национального корпуса башкирского языка художественной прозы позволяет производить следующие операции:

- поиск словоформы,
- поиск леммы,
- поиск грамматических категорий словоизменений,
- поиск грамматических подкатегорий,
- поиск сочетаний грамматических категорий,
- поиск сочетаний грамматических подкатегорий,
- поиск сочетаний словоформ,
- поиск сочетаний лемм,
- выдача списка небашкирской лексики (вкраплений по языкам источникам),
- построение частотного словаря словоформ,
- построение частотного словаря лемм.

Сегодня проект корпуса прозаических текстов активно используется сотрудниками отдела языкознания при составлении многотомного академического толкового словаря башкирского языка.

Перед коллективом лаборатории линвгистики и информационных технологий ИИЯЛ УНЦ РАН в 2013 г. стоят следующие задачи:

1) доведение объема корпуса до 20 миллиона словоупотреблений;

2) разработка системы выдачи статистических распределений по любому заданному пользователем подкорпусу;

3) разработка системы выдачи графических представлений статистических распределений.

Литература

1. Рыков В.В. Прагматически ориентированный корпус текстов//Тверской лингвистический меридиан, Тверь, 1999 (http://rykov-cl.narod.ru/t.html, дата обращения: 17.06.2013).

2. Захаров В.П. Корпусная лингвистика: Учебно-методическое пособие. – СПб., 2005. – 48 с.

3. План фундаментальных исследований Российской академии наук на период 2011-2025 гг. URL:http://www.ras.ru/scientificactivity/plan2025.aspx (дата обращения: 17.06.2013).

4. Классификатор РФФИ. URL:http://scs.viniti.ru/rubtree/main.aspx?tree=RFFI&cod=06 (дата обращения: 17.06.2013).

5. LDC Top Ten Corpora (мультимедийные корпусы английского языка). URL: http://www.ldc.upenn.edu/Catalog/topten.jsp (дата обращения: 17.06.2013).

6. Chinese Broadcast Conversation Speech (мультимедийный корпус китайского языка). URL: http://www.ldc.upenn.edu/Catalog/CatalogEntry.jsp?catalogId= LDC2013S04 (дата обращения: 17.06.2013).

7. The *Corpus* of Spontaneous Japanese (мультимедийный корпус японского языка). URL: http://www.ninjal.ac. jp/products-k/katsudo/seika/corpus/public/index.html (дата обращения 17.06.2013).

8. The Spoken Turkish Corpus (vультемидийный корпус разговорного турецкого языка). URL:http://stc.org.tr (дата обращения: 17.06.2013).

9. Фонетический корпус спонтанной эстонской речи. URL:http://www.murre.ut.ee/phonetic-corpus (дата обращения: 17.06.2013).

10. Фонетический немецкого разговорного языка URL:http://dsav-wiss.ids-mannheim.de/korpora/pf/pf _doku.htm (дата обращения: 17.06.2013).

11. Фонетические корпусы русского и польского языков URL:http://www.voicemethods.com/new/databases/corpuses.php3 (дата обращения: 17.06.2013).

12. Людовик Т.В., Робейко В.В., Пилипенко В.В. Автоматическое распознавание спонтанной украинской речи (на материале акустического корпуса украинской эфирной речи)// Компьютерная лингвистика и интеллектуальные технологии: По материалам ежегодной Международной конференции «Диалог» (Бекасово, 25 - 29 мая 2011 г.). Вып. 10 (17).- М.: Изд-во РГГУ, 2011. С.478-489.

13. Крючкова О. Ю., Гольдин В. Е. Корпус русской диалектной речи: концепция и параметры оценки/ Компьютерная лингвистика и интеллектуальные технологии: По материалам ежегодной Международной конференции «Диалог» (Бекасово, 26–30 мая 2010 г.). Вып. 9 (16). — М.: Изд-во РГГУ, 2010. С..359-368.

14. Das Deutsche Referenzkorpus (DeReKo) URL:http://www.ids-mannheim.de/kl/projekte/korpora (дата обращения: 17.06.2013).

15. British National Corpus (BNC). URL:http://www.natcorp.ox.ac.uk (дата обращения: 17.06.2013).

16. The corpus of contemporary american english (COCA). URL:http://corpus.byu.edu/coca (дата обращения: 17.06.2013).

17. Корпус китайского языка. (LIVAC Synchronous Corpus). URL:http://www.rcl.cityu.edu.hk/livac (дата обращения: 17.06.2013).

18. Magyar Nemzeti Szövegtár (корпус венгерского языка). URL:http://corpus.nytud.hu/mnsz (дата обращения: 17.06.2013).

19. Corpus del español (корпус испанского языка). URL:http://www.corpusdelespanol.org (дата обращения: 17.06.2013).

20. Corpus di riferimento della lingua italiana scritta contemporanea (“CoLFIS”) (корпус итальянского языка) URL:http://www.ge.ilc.cnr.it/dizionari.php (дата обращения: 17.06.2013).

21. Český národní korpus (ČNK) (чешский национальный корпус). URL:http://ucnk.ff.cuni.cz (дата обращения: 17.06.2013).

22. Национальный корпус русского языка. URL:http://www.ruscorpora.ru (дата обращения: 17.06.2013).

23. Польско-украинский параллельный корпус. URL:http://www.domeczek.pl/~polukr/index.php?option=welcome (дата обращения: 17.06.2013).

24. Польско-русский параллельный корпус. URL:http://pol-ros.polon.uw.edu.pl (дата обращения: 17.06.2013).

25. Englesko-crnogorski paralelni korpus (черногорско-английский параллельный корпус). URL:http://www.eiprevod.gov.me/korpus (дата обращения: 17.06.2013).

26. *Dutch Parallel Corpus* (**DPC)** (нидерландско-французский параллельный корпус). URL:http://dpc.inl.nl/indexd.php (дата обращения: 17.06.2013).

27. Japanese-English Parallel Corpus (японско-английский параллельный корпус). URL:http://www.manythings.org/corpus (дата обращения: 17.06.2013).

28. European Parliament Proceedings Parallel Corpus 1996-2011 (параллельный корпус слушаний Европарламента). URL:http://www.statmt.org/europarl дата обращения: 17.06.2013).

29. Corpus Albaruthenicum (корпус научных белорусских текстов). URL:http://grid.bntu.by/corpus/ (дата обращения: 17.06.2013).

30. *Zientzia eta Teknologiaren Corpusa (н*аучно-технический баскский корпус). URL:http://www.ztcorpusa.net/cgi-bin/kontsulta.py (дата обращения: 17.06.2013).

31. Корпус русских публицистических текстов второй половины XIX века. URL:http://smalt.karelia.ru/corpus/index.phtml (дата обращения: 17.06.2013).

32. Компьютерный корпус текстов русских газет конца XX века. URL:http://www.philol.msu.ru/~lex/corpus/ (дата обращения: 17.06.2013).

33. Romanian corpus (корпус румынской прессы). URL:http://corp.hum.sdu.dk/cqp.ro.html (дата обращения: 17.06.2013).

34. Поэтический подкорпус НКРЯ. URL:http://www.ruscorpora.ru/search-poetic.html (дата обращения: 17.06.2013).

35. Баранов Анатолий Николаевич Введение в прикладную лингвистику: Учебное пособие. — М.: Эдиториал УРСС, 2001. — 360 с.

36. Плунгян В. А. Зачем нужен Национальный корпус русского языка? Неформальное введение // Национальный корпус русского языка: 2003—2005. М.: Индрик, 2005, С. 6—20.

37. Поляков А. Е. Технология подготовки информации в Национальном корпусе русского языка // Национальный корпус русского языка: 2003-2005. Результаты и перспективы. — М., 2005, 175—192.

38. Бадмаева Л.Д., Бадагаров Ж.Б., Цыдыпов Б.З. Общие проблемы формирования корпуса бурятского языка с. 24-30/Труды международной конференции «Корпусная лингвистика – 2008» 6–10 октября 2008 г., Санкт-Петербург. Санкт-Петербург, 2008.

39. Корпус бурятского языка. URL:http://web-corpora.net/BuryatCorpus/search/?interface_language=ru (дата обращения: 17.06.2013).

40. Куканова В. В. Архитектура метаописания в Национальном корпусе калмыцкого языка // Вестник Калмыцкого института гуманитарных исследований РАН. 2011. № 1. С. 139–145.

41. Корпус калмыцкого языка. URL:http://web-corpora.net/KalmykCorpus/search/?interface_language=ru (дата обращения: 17.06.2013).

42. Корпус лезгинского языка. URL:http://www.dag-languages.org/LezgianCorpus/search/ (дата обращения: 17.06.2013).

43. Корпус осетинского языка. URL:http://www.ossetic-studies.org/iron-corpus/search/index.php?interface_language=ru. (дата обращения: 17.06.2013).

44. Жұбанов А.Қ. Қазақ тілінің аннотацияланған мәтіндер корпусындағы етесті сөздерге лексик-морфологиялық белгі-код (белгіленім) қоюдың алғышарттары/”Тілтаным”, 2012. № 1, 18-25 б. (Журнал Института языкознания им. А.Байтурсынова, Казахстан, Алматы).

45. Сулейманов Д.Ш., Хакимов Б.Э., Гильмуллин Р.А.Корпус татарского языка: концептуальные и лингвистические аспекты// Вестник Татарского государственного гуманитарно-педагогического университета. № 4(26), 2011. С. 211-216.

46. Письменный корпус татарского языка. URL:http://corpus.tatfolk.ru (дата обращения: 17.06.2013).

47. Салчак А. Я. Электронный корпус текстов тувинского языка // Новые исследования Тувы. 2012, № 3. (Электронный журнал). URL:http://www.new-tuva.info/journal/issue_15/5231-salchak.html (дата обращения: 17.06.2013).

48. Проект тувинского корпуса. URL:http://www.tuvancorpus.ru (дата обращения: 17.06.2013).

49. *Sözlü Türkçe Derlemi (*корпус разговорного турецкого языка). URL: http://std.metu.edu.tr (дата обращения: 17.06.2013).

50. Электронный корпус шорских текстов. URL:http://shoriya.ngpi.rdtc.ru (дата обращения: 17.06.2013).

51. Шеймович, А. В. (2011) Морфологическая разметка корпуса хакасского языка //Российская тюркология. № 2(5). С. 48–61.

52. Плунгян В. А. Корпус как инструмент и как идеология: о некоторых уроках современной корпусной лингвистики // Русский язык в научном освещении, 2008, № 16 (2), С. 7—20.

53. Ишкильдина Л.К., Уртегешев Н.С. Фонема [w] башкирского языка: функционирование, история развития, артикуляторные характеристики (по данным томографирования) // Тумашевские чтения: актуальные проблемы тюркологии. Материалы IV Всероссийской научно-практической конференции. – Тюмень: изд.-во «Печатник», 2010. С. 442-446.

54. Каримова Р.Н. Текстологический электронный корпус башкирских говоров //Урал—Алтай: через века в будущее: Материалы IV Всероссийской научной конференции, посвященной III Всемирному курултаю башкир. Уфа, 2010. С. 189-191. (на башк. яз.).

55. Каримова Р.Н. Электронный фонд экспедиционных аудиозаписей // Урал—Алтай: через века в будущее: Материалы IV Всероссийской научной конференции, посвященной III Всемирному курултаю башкир. Уфа, 2010. С. 162-163.

56. Сиразитдинов З.А., Максутов А.Д., Полянин А.И., Бускунбаева Л.А. Информационная лингвистическая система “Машинный фонд башкирского языка”// Урал-Алтай: через века в будущее: Материалы IV Всероссийской научной конференции, посвященной III Всемирному курултаю башкир (25-27 марта 2010 г.). Уфа, 2010. I том. С.286-290.

57. Сиразитдинов З.А., Мигранова Л.Г., Ишмухаметова А.Ш., Ибрагимова А.Д., Бускунбаева Л.А. К созданию терминологического банка данных башкирского языка//Урал-Алтай: через века в будущее: Материалы V Всероссийской конференции, посвященной 80-летию Учреждения РАН ИИЯЛ УНЦ РАН (21-22 июня, 2012г), ИИЯЛ УНЦ РАН, 2012, Уфа, 2012, С.111-114.

58. Сиразитдинов З.А., Бускунбаева Л.А., Ишмухаметова А.Ш., Ибрагимова А.Д., Мигранова Л.Г. Корпус текстов периодической печати на башкирском языке/ Актуальные проблемы диалектологии языков народов России: материалы XII региональной конференции. — Уфа, 2012.//С. 139-141.

59. Сиразитдинов З.А., Ибрагимова А.Д., Ишмухаметова А.Ш., Полянин А.И. О пилотном проекте национального корпуса прозаических текстов башкирского языка// Урал-Алтай: через века в будущее: Материалы V Всероссийской конференции, посвященной 80-летию Учреждения РАН ИИЯЛ УНЦ РАН (21-22 июня, 2012г), ИИЯЛ УНЦ РАН, 2012, Уфа, 2012, С.108-111.

60. Сиразитдинов З.А. Моделирование грамматики башкирского языка. Словоизменительная система. Уфа: Гилем, 2006. 160 с.

А.Қ.ЖҰБАНОВ, А.Ә.ЖАҢАБЕКОВА, С.ҚҰЛМАНОВ

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

ФИЛОЛОГТАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ МЕН КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКА ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫН ЖАСАУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Тәуелсіз қазақ елінің экономикалық әлеуеті қарыштап өсіп, саяси аренада тұрақтылық пен толеранттылықтың үлгісі ретінде әлемге танымал болып отырғаны ақиқат. Айналасы бар болғаны жиырма шақты жылдың ішінде адам сенбес жетістіктерге жеткен, әлем елдерінің арасында дағдарысты экономикасына сызат түсірмей еңсере білген мемлекетіміз рухани мәдениетіміздің де өркендеуіне ерекше көңіл аударып келеді. Әсіресе ұлтымыздың ұлы тірегі саналатын қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі беріліп, оны қоғам мен ғылымның барлық салаларында дамыту мен қолданудың өрісін кеңейту мақсатында жасалып жатқан жұмыстар ұшан-теңіз. Мемлекеттік тілді оқытудан бастап, іскағаздарын жүргізу, қазақ тілін ғылым дәрежесіне көтеру бағытында бірнеше бағдарлама қабылданып, тіл біліміндегі зерттеулерді жандандыру, тілші ғалымдардың қызметін белсендіре түсу үшін іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осындай іс-шараның бірі ретінде 2013 жылғы 17 мамыр күні тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет Филологтардың I съезінің өтуі егемен еліміздің мәдени, рухани өміріндегі ерекше оқиға болғандығын айтуға болады.

Осы съезде тіл біліміне, білім беру ісіне қатысты сан алуан мәселелер көтерілгені, оларды шешу жолындағы іс-әрекеттердің қолға алынып жатқандығынан көзі қарақты оқырман хабардар деп ойлаймыз. Сондықтан біз бұл мақаламызда аталған Съезде баяндама жасаған ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т. Жұмағұловтың сөйлеген сөзін негіз етіп алып [1], қазақ тіл білімінің корпустық лингвистика саласының проблемаларына ғана, дәлірек айтқанда, «Қазақ тілінің Ұлттық корпусын» құру мәселелеріне тоқталмақпыз.

ҚР БҒМ Б. Жұмағұлов өз сөзінде қазақ филологтарының «ерекше міндеттерінің бірі – Ұлттық қазақ тілі корпусын қалыптастыру», – деп қадап айтты. Осыған орай министрдің Ұлттық корпус құру туралы ойын оқырман есіне салуды жөн көрдік: «... Тілдің Ұлттық корпусы, бұл – нақты тілде ақпараттың барлық типтері мен түрлерін ауқымды түрде жинақтау. Оны өңдеу, жіктеу және талдау жөніндегі IT-технологиялар. Яғни, тіл білімінің жаңа деңгейін жетілдіру.

... Бұл – біздің еліміз үшін өте өзекті болып табылады.

Мұндай жұмысты күшейту үшін Тіл білімі институты базасында Корпустық лингвистика орталығын құруды орынды деп есептейміз.

Осы орталық арқылы Қазақстан филологтарының қызметін үйлестіруге және жүйелендіруге болады.

Филологтар рөлін арттыру мақсатында **Филологтар қауымдастығын құруды ұсынамын.**

Жақсы тәжірибе – өміршең. Кезінде математиктер, биологтар, тарихшылар қауымдастығы құрылған болатын. Олар уақыт пен заман талабына сәйкес ұсыныстар беріп, осы салалардың дамуына ықпал етуде. Филологтар қауымдастығы да осындай талап пен талғам биігінде болады деген ойдамыз.

Съезд жұмысы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық бағытын іске асыруға және филологиялық ғылым мен білімді одан әрі дамытуға өз үлесін қосады деп сенемін» [1].

Министрдің Филологтар қауымдастығын және Корпустық лингвистика орталығын құру жөніндегі бастамасы осы сала мамандарының, оның ішінде қазақ тілін компьютерлендіру бағытында әртүрлі бағдарламалар жасап, сөздіктер құрастырып жұмыс жасап келе жатқан шағын топтың әрі қарай үйлесімді әрі нәтижелі жұмыс істеуіне серпін береді деп ойлаймыз.

Осындай үміт ұялатқан идеяның негізі жалпы қоғамды автоманттандыру, оның ішінде қазақ тілін компьютерлендіру мәселесінде жатқандықтан, қазақ компьютерлік лингвистикасының пайда болу тарихына тоқталмақпыз.

ХХ ғасырда басталған ғылыми-техникалық «революция» әлемнің кез келген мемлекетінің ішкі-сыртқы саясатына, әсіресе экономикалық әлеуетіне ерекше серпін беріп қана қоймай, Тәуелсіз Қазақстан Республикасы сияқты дамушы елдердің жас мемлекет ретінде қалыптасуында айрықша рөл атқарды. Қоғамдық қызметтің қай саласында да қолданбалы бағыт басымдық алды. Осы орайда лингвистиканың қолданбалы саласы да қалыптасып, дәстүрлі тіл білімінің бағыттарын өз әдіс-тәсілдерімен зерттеуге кірісті.

Қазіргі жаһандану кезеңінде әртүрлі саяси-әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынастарға байланысты ақпарат ағыны бұрын-соңды болмаған қарқынмен өршуде. Ал қоғам өміріндегі мұндай ақпарат ағымының таралуы табиғи тілде жүзеге асатындықтан, тіл білімінің қызметі күннен-күнге кеңеюде. Осыған байланысты ұшы-қиырсыз ақпарат ағынын игеру мақсатында шетел және орыс тіл білімінде орасан зор нәтиже беріп отырған тілдік корпустарды қазақ тіл білімінің материалдары негізінде жасау бүгінде үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Сондықтан тіл білімінің осындай аса қызығушылық туғызып отырған жаңа саласы – корпустық лингвистиканың зерттеу нысанына нелер жатады, тілдік корпус дегеніміз не, мәтіндер корпусын құрастыру не үшін қажет және ол қандай ғылыми-теориялық мәселелерді шешуге септігін тигізеді деген мәселелерге арнайы тоқталмақпыз.

Соңғы жылдары «Корпустық лингвистика» ғылымның бір саласы ретінде айқын басымдық алып отыр. Өйткені осы саланың зерттеу нәтижесі – мәтіндік корпустарды пайдаланбай тілдік зерттеулерде тәжірибе жүргізудің, әсіресе сөздік құрастырудың, неше түрлі грамматикалар дайындаудың мүмкін еместігі айқындалып отыр. Қазіргі кезде корпустық лингвистиканың мәселелері кейбір оқу құралдарының да арнайы тақырыбына айналуда [2; 3].

Корпустық лингвистика 1963 жылы АҚШ-та пайда болып, Браун корпусынан (The Brown Standard Corpus of American English) бастама алады. Бастапқыда бұл корпустың көлемі 1 млн. сөзқолданыстан тұрып, оның құрамында әрбіреуі 2 мың сөзқолданысқа тең 500 мәтін қамтылған. Браундық корпус осыған ұқсас корпустар құруға қатысты зерттеулердің кеңінен тараған нысаны мен стандартына айналды. Ғалымдар көптеген лингвистикалық зерттеулерді сапалы жүргізу тек ауқымды тілдік материалдар негізінде ғана жүзеге асатындығын ұғына бастады. Осы айтылғандардың барлығы мәтіндерді корпус түрінде ұйымдастыру ережелері мен оларға талдау жүргізу әдіснамасын зерттейтін бағыттың пайда болуына себепші болып, ғалымдарды одан әрі ынталандыра түсті. Сонымен корпустық лингвистика осы әдіс-тәсілдердің әдіснамасы ретінде туындап отыр деуге әбден болады.

Корпустық лингвистиканың ағылшын тіл білімінде кең етек алуын ғалымдар АҚШ-та компьютерлік техника мен ХХ ғасырдың 60-80 жылдары британ лингвистикасындағы интеллектілік ахуалдың белсенді дамуымен түсіндіреді. Осы кездерде тілдік зерттеулердің ең көп бөлігі компьютерленген мәтіндік корпустарға лингвистикалық талдау жүргізуге бағытталғандығы мәлім. Мұндай зерттеулердің нәтижесі 2001 жылы Бирмингем университетінде корпустық лингвистика кафедрасын ашуға және International Journal of Corpus Linguistics журналын баспадан шығарып тұруға мүмкіндік туғызды. Бірнеше тілдің материалдары бойынша құрастырылған, түрі мен қызметі жағынан ерекшеленетін корпустар және солардың негізінде неше түрлі сөздіктер түзіліп, грамматикалар жазылды.

Корпус дегеніміз – әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, яғни бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін мәтіндер жинағы. В.П. Захаров «Корпусная лингвистика» атты оқу құралында былай дейді: «Под названием лингвистический, или языковой, корпус текстов понимается большой, представленный в электронном виде, унифицированный, структурированный, размечанный, филологический компетентный массив языковых данных, предназначенный для решения конкретных лингвистических задач» [3; 4]. Демек, корпус дегеніміз әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, яғни бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін мәтіндер жинағы. Ал оның қызметі

осы мәтіндер жинағын адамның қарым-қатынас барысында пайдалануына мүмкіндік беруге бағытталады.

Корпуста сақталатын бірлік – ол пәндік саланың қандай да бір жиынтығы. Мысалы, оларға жататындар: сөз, сөзтіркес, сөйлем немесе толық мәтіндер жиынтығы. Мәселен, корпусқа енгізілген мәтіндердегі әрбір тілдік бірлікке, ол не жеке сөз не қосымша болсын, лингвистикалық ақпарат беріледі. Тілде мұндай лингвистикалық ақпарат беруді аннотациялау деп атайды. Аннотация дегеніміздің өзі «қысқаша мазмұн» дегенді білдіреді. Соған сәйкес корпусқа енгізілген тілдік бірліктердің аннотациясы да шартты белгілер арқылы қысқаша беріледі. Орыс тілінде «разметка» деп аталатын мұндай шартты белгілер қазақ тілінде «белгі-код», «белгіленім» деген терминдермен аталып жүр. Мәтіндер бірліктеріне берілген лингвистикалық ақпараттардың толық сипатта болуы осы белгіленімдердің әртүрлілігіне байланысты. Белгіленімдер тілдегі жекелеген деңгейлерге тән тілдік мәліметтерді қамтиды. Ондай белгілер семантикалық (лексика-семантикалық), морфологиялық, синтаксистік сипатта болуы мүмкін. Мәселен, орыс тілінің Ұлттық корпусында орын алған морфологиялық белгілер барлық сөздерді сөз табына, септелу категориясына, тегіне (род – муж., жен.), жіктелуіне, жанды-жансыздығына, етіс және етістік түріне, салыстырмалы шырай және т.б. морфологиялық сипаттамаларына қарай арнайы белгі қою жүргізілген. Сол сияқты семантикалық талдау арқылы да мәтін ішіне қажетті белгілердің қойылатынын айтуға болар еді. Мысалы, орыс тіліндегі үстеу сөздерге «Таксономияға», «бағалауға», «сөзжасамдыққа» қатысты белгілеулер орын алған. Мұндағы «Таксономия» белгісі: орынды, бағытты, қашықтықты, уақытты, жылдамдықты, санына және т.б. жүйелеулерге қатысты семантикалық сипаттамаларды білдіреді.

Мәтіндер корпусы туралы жазылған ғылыми еңбектерде фонетикалық, морфологиялық, семантикалық, синтаксистік белгіленімдердің енгізілетіндігі туралы айтылады. Бірақ корпус жасау барысында аталған белгіленімдердің барлығын бір уақытта енгізу қиындық тудырады. Осы орайда шетел, орыс тіл біліміндегі мәтіндер корпусында лингвистикалық белгіленімдер енгізу ісі кезең-кезеңмен жүзеге асырылған. Толық лингвистикалық ақпарат берілген корпустарды «терең аннотацияланған» (глубоко аннотированный) деп атайды.

Екіншіден, корпус мазмұнының күрделілігі терең аннотациялануымен қатар әртүрлі стильді қамтуына да байланысты. Әдетте, корпус құрастыруда, сондай-ақ жиілік сөздіктер жасауда да көбінесе төрт түрлі стиль қамтылады. Олар: көркем стиль (проза, поэзия), драматургия, газет-журнал (публицистикалық), ғылыми-техникалық стильдер. Бұлардан басқа ауызекі стильден де корпус мәтіндері жинақталады. Үшіншіден, корпустардың сапасы ондағы қамтылған сөзқолданыс мөлшерімен де өлшенеді. Жалпы тіл білімінде алғашқы корпустардың кемінде 1 млн. сөзқолданыстан бастап жасалғандығы айтылады. Қазіргі кездері сол алғаш 1 млн. сөзқолданыстан жасалған мәтіндер корпусының көлемі 20 миллионнан 100 млн.-ға дейін жетеді екен. Демек, корпустың құрастырылуы туралы мәселе сөз болғанда, ең алдымен оның көлемі туралы нақты деректер беріледі.

Корпустар құрастыруда оның түріне қарай (Ұлттық, стильдік, кезеңдік) мәтіндер таңдалып алынады. Оларды таңдама мәтіндер деп атайды. Корпусқа енгізілетін мәтіндер көбінесе ақын-жазушылар шығармаларынан алынады. Корпустар құрастыру тәжірибесінде әсіресе, проза жанры басым. Сондықтан стильдік жағынан алғанда корпустарды «проза жанрына орталықтандырылған» (литературацентричный) деуге болады.

Корпустарға қойылатыны талаптардың негізгісі – репрезентативтілік (тұлғалылық), яғни оны сол корпустың пәндік аяның барлық қасиетін бейнелей алу мүмкіндігі немесе сол лингвистикалық зерттеу типіне қатысты пәндік аядағы құбылыстың кездесу жиілігінің тілдік бірліктерді бір-бірінен ажырата алатындай мәнде болу қажеттігі деуге болады [2].

Корпус түрлерінің ішінде қатар тілдер (параллель) корпустары бір тілден екінші тілге аударма жасауға қатысты талдау жұмыстарын жүргізуге аса қолайлы болып келеді. Мысалы, «Орыс тілінің Ұлттық корпусында» параллель мәтіндердің (қатар тілдер мәтіндері) корпустары да орын алған. Мұндай корпустар ерекше корпустар қатарына жатады. Себебі,

орыс тіліндегі мәтінге оның басқа тілге аударылған үлгісі және, керісінше, шет тілдеріндегі мәтіндерге орысша аудармасы сәйкестендірілген.

Түпкі және аударма мәтіндердің бірліктері арасында «теңестіру» нәтижесінде арнайы қарастырылған шаралар бойынша сәйкестік жүзеге асады. Теңестірілген паралельді корпус – ол ғылыми зерттеулердің, әсіресе, аударма жасаудың теориясы мен практикасының аса тиімді құралы.

Корпустық лингвистиканың жетістіктерін өзіне сақтаған аса дамыған корпус түрі – Ұлттық корпус. Мұндай корпус белгілі дәрежеде Ұлттық тілді толық түрде бейнелейді. Ұлттық корпустың репрезентативтілігі (тұлғалылығы) – сол тілдің жазба және сөйлеу түріндегі мәтіндерінің барлық типтерінің бейнеленуі. Ұлттық корпустың айтарлықтай дәрежеде көлемді (ондаған, жүздеген миллион сөзқолданыс) болуы репрезентативтілікке жетудің қажетті шарты болып саналады. Ұлттық корпустың ажыратылмас бөлігі оның белгіленген (аннотацияланған, мазмұндалған) бейнесі.

Теориялық және практикалық маңызы:

Ұлттық корпус, ең бірінші кезекте, тілші-ғалымдарға сол тілдің лексикасы мен грамматикасын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік тудырады. Ал корпустың келесі міндеті – тілдің ішкі салалық (лексика, грамматика, тіл тарихы және т.б.) аясына қатысты әртүрлі анықтағыштық рөл атқару.

Егер Ұлттық корпуста тілдік бірліктердің статистикалық сипаты да берілетін болса, ондай деректермен әдебиетшілер, тарихшылар және басқа да қоғамдық ғылымдардың сала мамандары пайдалана алады.

Әрине, Ұлттық корпустың қолдану аясы тілдерді ана тілі немесе шет тілі ретінде оқыту кезінде көбірек байқалады. Сондықтан қазіргі кезде көптеген оқулықтар мен оқу бағдарламалары мәтіндік корпустарға бағышталып құрастырылуда. Мәселен, мағынасы күңгірт сөздер мен грамматикалық формалардың қолдану ерекшеліктерін белгілі авторлардың шығармалары бойынша электрондық корпус көмегімен әрі тез, әрі ұтымды тексеруді шетелдік азамат та, оқушы да, оқытушы да, журналист те және жазушы да жүзеге асыра алады.

Ұлттық корпус сол тілдің өмір сүрген белгілі кезеңіндегі сан алуан жанрын, стилін, аймақтық, әлеуметтік нұсқасын және т.б. да түрлерін қамтиды.

Корпустық лингвистика тіл білімінің жеке саласы ретінде өзімен іргелес жатқан тіл ғылымы пәндерімен жанасып жатады, яғни математикалық лингвистика, дискурстік анализ және лексикография салаларымен жақын жатады. Корпустық лингвистиканың басқа тіл ғылымы пәндерімен қарым-қатынаста болу ерекшелігі, бір жағына алғанда, мәтіндер корпусының корпустық лингвистика қызметінің нәтижесі ретінде болса, ал екіншіден – лингвистикалық пәндердің басқа түрлеріне де бастапқы эмпирикалық материал болу мүмкіндігінде. Міне, дәл осы жағдай корпустық лингвистиканың фонетика, лексикология, грамматика және стилистика салаларымен тығыз байланыста болуының дәлелі десек те болады.

Ұлттық корпус ғылыми зерттеулердің түр-түрін жүргізуді қамтамасыз етеді: лексикографияға, жасанды интеллектіге, әдебиеттануға, сөйлеу тілін талдау мен жинақтауға және лингвистиканың барлық салаларына қатысты зерттеу түрлері. Сонымен бірге беделді академиялық сөздіктер мен ғылыми грамматикаларды құрастыру да корпустар негізінде жүзеге асады. Ұлттық корпусты пайдаланушылар – әртүрлі саладағы тілшілер, әдебиеттанушылар, тарихшылар және гуманитарлық білім салаларының өкілдері. Ұлттық корпустың ана тілі мен шет тілін оқытуда, оқулықтар мен бағдарламалар құрастыруда маңыздылығы аса зор деуге болады [4; 5; 6].

Корпустық лингвистика қазақ тіл білімінің де ерекше саласы ретінде қалыптасатын болса, қазақ тілші-ғалымдарына көлемді тәжірибелік материалдарды пайдалануға, қажетті деген тілдік деректерді тауып алуға және оларға тиісті деген өңдеулер жүргізуге мүмкіндік туындатады. Осының бәрі қазақ тіліне қатысты зерттеулердің шынайылыққа (ақиқаттыққа)

жетудің эмпирикалық тәсілдеріне жаңаша көзқараспен қарауға және ғылыми айналым аясына аса маңызды тілдік материалдарды енгізуге жағдай жасайды.

Орыс тілі корпусы туралы:

Интернет желісіндегі 2003 жылдан бері өзіне жүктелген қызметті ойдағыдай атқарып келе жатқан «Орыс тілінің Ұлттық корпусын» атауға болады. Қазіргі кезде орыс тілінің Ұлттық корпусының жалпы көлемі 230 млн. сөзқолданыстан тұратын әртүрлі мәтіндер бөлігін қамтиды.

Орыс тілінің Ұлттық корпусы басқа да тілдердің Ұлттық корпустары сияқты мынадай екі маңызды ерекшеліктерге ие:

- біріншіден, корпусқа аса көлемді және әр кезеңдер бойынша шамалас көлемдегі мәтіндердің алынуы. Дәлірек айтсақ, біріншіден, орыс тілінің Ұлттық корпусына барлық жазбаша және ауызша мәтіндер (көркем әдебиеттің әртүрлі жанрлары, көсемсөз жанры, оқу, ғылыми, іскағаздары, сөйлеу тілі, аймақтық тіл және т.б.) қамтылып, олар әр кезең бойынша сәйкес көлемде алынады;
- екіншіден, корпус құрамындағы мәтіндер айрықша сипаттағы қосымша ақпаратқа ие болады. Мұндай ақпарат шартты түрдегі белгіленімдер арқылы көрініс табады (орысша аталуы – «разметка» немесе «аннотация»).

Орыс тілінің Ұлттық корпусының даму барысын сөз етсек, ол ең алдымен XIX ғ. басынан XXI ғ. бастапқы кезеңін қамтиды деуге болады. Бұл кезең орыс тілінің әртүрлі әлеуметтік-лингвистикалық тұстарын бейнелейді – әдеби тіл, сөйлеу тілі, тұрмыстық тіл, ішінара диалектілік тіл. Корпустық қорға көркем әдебиеттің (проза мен драматургия, поэзия) мәдени маңыздылығы мол және тілдік тұрғыда тілші-ғалымдардың қызығушылығын тудыратын түпнұсқа түріндегі шығармалары енгізіледі. Бірақ Ұлттық корпус тек көркем әдебиетке қатысты мәтіндерден ғана тұрмайды, ол сонымен бірге мәтін үлгілерінің басқа да жазба нұсқаларын (қазіргі кезеңде – ауызша нұсқасын да) қамтиды. Оған жататындар: мемуарлар, эсселер, көсемсөз стильдері, ғылыми-көпшілікке арналған және ғылыми әдебиеттер, жұрт алдында сөйлеген сөздер, жеке адамдар арасындағы хат алысу, күнделіктер, құжаттар және т.б. мәтіндер болуы мүмкін.

«Орыс тілінің Ұлттық корпусын» құрастыру үшін Ресейлік ғылым академиясының тек В. В. Виноградов атындағы Орыс тілі институты ғалымдарының күшімен ғана емес, оған Ресейдегі аса ірі ғылыми топтардың қатысқанын, дәлірек айтсақ, Мәскеу, Санкт-Петербург, Казань, Воронеж, Саратов және басқа да Ресейлік ғылыми орталықтардың көптеген ғалымдардың қауымдастығымен орындағаны мәлім болып отыр. Шындығында, 2003-2010 жылдары «Орыс тілінің Ұлттық корпусын» құрастыруға қолғабыс еткен ғылыми мекемелер:

1) Ресей ғылым академиясының тарихи-филологиялық («Филология және ақпараттану») бөлімі;

2) Ресейлік қоғамдық ғылыми қор;

3) Білім берудің федералды агенттіктері бойынша «Орыс тілі» федералдық мақсатты бағдарлама.

Сонымен бірге, В. В. Виноградов атындағы Орыс тілі институтының мамандарымен бірге жобаға басқа да мекемелер қатысқан:

1) РҒА-ның Тіл білімі институты [ИЯз РАН], РҒА-ның Ақпарат тарату мәселелері институты;

2) РҒА-ның Бүкілресейлік ғылыми және техникалық ақпарат институты [ВИНИТИ РАН];

3) Санкт-Петербургтегі РҒА-ның лингвистикалық зерттеулер институты;

4) Казань (Приволжский) федералды университеті;

5) Воронеж мемлекеттік университеті;

6) Саратов мемлекеттік университеті.

Осыншама мекемелер мен бірнеше ғылыми топтарының аталған жобаға қатысуына себеп, ол орыс тілінің жазба және сөйлеу тілі мәтіндерінің негізгі корпусын құруда көптеген мәселелерді қарастыру қажеттігінде. Қысқаша айтқанда олардың бір тобы мыналар:

1) XVIII ғасырдағы жазба мәтіндерінің тұлғалы корпусын құру;

2) XIX-XX ғасырдың бірінші жартысы аралығындағы жазба мәтіндерінің тұлғалы корпусын құру;

3) Қазіргі кезеңнің (XX ғ. ортасы – XXI ғ. басы) жазба мәтіндерінің тұлғалы корпусын құру;

4) Жазба мәтіндерінің корпустарын теңгеру (баланстау) үшін морфологиялық және сөзтудырушы-семантикалық белгіленім қағидаттарына (принциптеріне) зерттеме жүргізу және компьютерлік бағдарламалар мен корпустарға белгіленім жасауды қамтамасыз ету.

Осы аталған мәселелер Ресей елінің бірнеше ғылыми мекемелерінің бірнеше мамандары қатысып, шешімін тапқаны мәлім. Мысалы, мәтіндерге морфологиялық белгіленім жүргізудің ортақ принциптерін айқындау мәселесі үшін ғана 5 ірі ғалымдар атсалысқан (В. А. Плунгян, Г. И. Кустова, А. Е. Полякова және Д. В. Сичинава).

Сол сияқты, орыс тілі корпусына қажетті морфологиялық белгіленімді автоматтандыруды компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз ету мәселесімен **Mystem** (Яндекс бірлестігі) және **Dialing** атты программалық қорын құрастырушы 10-нан аса прогаммист-ғалымдар ұжымы айналысқаны белгілі (Д. В. Панкратов, А. Е. Поляков, В. А. Титов, Т. А. Архангельский, А. И. Зобнин, А. В. Сокирко және т.б.). Ал осы компьютерлік бағдарламаларға қатысты морфологиялық талдаудың теориялық қағидаттарын зерттеуді Л.Л.Иомдин, В.З.Санников (Mystem), Н.Н.Леонтьева (Dialing) сияқты белгілі филолог-ғалымдар өз міндеттеріне алған болатын.

Сонымен, орыс тілінің Ұлттық корпусын құру мен оны жетілдіру ісін қажетті компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету мәселесіне, яғни іздестіру жүйесін, метамәтіндік белгіленімді, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық белгіленімді және т.б. жетілдіру ісінің әр кезеңінде және алынған нәтижелерді эксперттен өткізу мәселелеріне көптеген ірі ғалымдармен бірге Мәскеудің жоғары оқу орындарындағы филолог-студенттер мен аспиранттар, магистранттар қатысып, өз үлестерін қосып отырғаны мәлім.

Орыс тілінің Ұлттық корпусын құрастыруда әр салаға қатысты белгіленім түрлерімен айналысатын орындаушылар тобы да сан жағынан түрліше. Мысалы, корпусқа сөзжасаушы-семантикалық белгіленім енгізу мәселесін зерттейтін ғылыми тобы 9 орындаушыдан тұрса, семантикалық белгіленімнің компьютерлік бағдарламалық құрамдау тобы 2 ғалымнан (А. Е. Поляков, А. И. Зобнин) тұрады екен. Келесі ғылыми топ метамәтіндік белгеленім мен мәтіндерді таңдаудың жалпы қағидаттарын зерделеумен шұғылданған ғалымдар саны 7-ге тең. Ал әр ғылыми топтардың орыс тілінің Ұлттық корпусы мәтіндеріне жүргізіп жатқан метамәтіндік белгіленімдерді бірізділігін координациялайтын ғалымдар тобы 20 шақты орындаушылардан тұратынын айта кетпекпіз.

Орыс тілінің кезеңдік корпустарын құрастыру үшін, мысалы, XIX ғасырдағы мәтіндер корпусы, XX ғасырдағы мәтіндер корпусын құрастыру кезіндегі өңдеу мен метабелгіленім жүргізуді де жеке ғылыми топтар жүзеге асырады. Сонымен, аталған міндеттерді орындайтын ғалымдар тобының саны мен әр топтағы ғалымдар саны да өне бойы өсіп отыратынын байқауға болады.

Орыс тіл білімінің тәжірибесіне сүйенсек, оларда орыс тілінің Ұлттық корпустарын құрастыру ісіне көптеген ғылыми-лингвистикалық, техникалық орталықтар, баспасөз, баспа, жоғары оқу орындары т.б. атсалысып, бірігіп атқарып отыр. 2003-2010 жылдарғы Ресейлік ғалымдардың «Орыс тілінің Ұлттық корпусы» жобасының қандай ғылыми күшпен орындалғанынан байқауға болады. Өйткені олар корпус құрастырудың маңызын өз кезінде жақсы түсініп, ауқымды істі бірігіп атқаруға жұмылдырылған. Нәтижесінде түрлі-түрлі лингвистикалық аннотациялар жасап, сонымен қатар мәтін көлемі жағынан да ұтып отыр.

Осындай қазақ тілінің Ұлттық сипаттағы «тұлғалы» тілдік корпустарын құрастыру мәселесі қазіргі кезде Қазақстанның бірнеше ғылыми-қолданбалы бағыттағы орталықтарында қолға алынып, дербес жұмыс істеп жатуы мүмкін. Олардың барлығы да орыс тілі тәжірибесіне сүйеніп, корпус құрастыру мәселесін өзінше шешемін деп талап қылып жатқанымен, ауқымды мәтіндерді компьютер жадына енгізу, лингвистикалық белгіленімдер талдамасын жасау ісінде шашыраңқылық танытатыны белгілі. Өйткені, әр

мекемеде жасалып жатқан корпустардағы лингвистикалық белгіленімдер мен олардың моделі, шартты белгілері бірізді емес.

Екіншіден, автоматты түрде лингвистикалық белгіленім қою мәселесі әлі де болса толық шешімін таппаған. Яғни тілдік талдаулардың өзінде де даулы мәселелер баршылық. Сондықтан аннотацияланған тілдік корпустарды құрастыру ісіне көптеген аса білімді практик лингвистерді тарту қажеттігі туындап отыр.

Үшіншіден, жоғарыда сөз болғандай, миллиондаған сөзқолданыстан тұратын корпустар құрастыру үшін аса көлемді мәтіндердің электронды варианты керек болады. Ал оларды «қолдан» енгізу көп уақытты қажет ететіні белгілі. Осы орайда бұл мәселе Қазақстан аумағындағы кітап, газет-журнал шығаратын баспалармен келісімге келе отырып шешілетін мәселе. Бұл мәселенің шешімін табу айтарлықтай оңай еместігі жоғарыда аталған «Қазақ тілінің Ұлттық корпусын» жасау кезінен таныс деуге болады. Сондықтан бұл мәселе тек ҚР БҒМ ҒК тұрғысынан ғана шешімін табуы мүмкін.

Аталған мәселе «Орыс тілінің Ұлттық корпусын» құрастыру жағдайында Ресей баспаларымен келісе жасау арқылы шешімін тапқан тәрізді. Оған негіз болып отырған Интернеттегі корпус құрастырушыларның Ресейлік 21 баспа орнына өз алғыстарын білдіргендігі: *«Разработчики Корпуса приносят благодарность следующим издательским коллективам и фондам, предоставившим для архива Корпуса электронные версии находящихся в их распоряжении текстов»* [6] (баспа аттарын келтірмеуді жөн санадық).

ҚР БҒМ ҒК А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қазақ тілінің корпусын құрастыру мәселесі «Мәдени құндылықтар ретіндегі қазақ тіліндегі мәтіндер корпусы және сөздіктердің «Тіл – қазына» атты Ұлттық компьютерлік қоры» атты тақырыпқа қатысты зерттеу жұмыстарынан бастама алған болатын. Аталған зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қазақ тілінің мәдени құндылығы болып саналатын толық мәтіндеріне, қажеттілікке сай, грамматикалық белгі-кодтар енгізіп, оның дербес түрдегі «Тіл – қазына» атты мәтіндер корпустарының компьютерлік базасын құру. Алғашында (2009-2011 ж.ж.) толық мәтіндердің компьютерлік қорының нысандары ретінде М. Әуезовтің, Ә. Кекілбаевтың, М. Мақатаевтың, М. Мағауинның толық шығармаларынан тек таңдама мәтіндер ғана алынды. Ал басқа қазақ классиктерінің, ғылыми мәтіндердің, публицистикалық шығармалардың мәтіндер қорпусын жасау Қолданбалы лингвистика бөлімдегі шағын ғана топтың қолынан келер нәрсе емес, әрине. Егер Институтымыздың қолға алған «Қазақ тілінің аннотацияланған Ұлттық корпусын» жасаушы ғалымдар саны жеткілікті болғанда мынадай корпустар түрлерін де жасауымызға болар еді:

1) Қазақ тілінің қазіргі кездегі (немесе кезеңдік) бұқаралық ақпарат құралдары (газет, журнал бетіндегі) мәтіндерінің жеке корпусы;

2) Қазақша сөйлеу тілі жазбасының (мәтінінің) жеке корпусы (орыс тілінің «Корпус живой русской речи» тәріздес);

3) Қазақ тілінің мультимедиалық корпусы (корпустың негізін мәтіндердің видео- және аудиожазбалары құрайды);

4) Қазақ тілімен параллель тілдердің жеке корпусы (түркітілдес және үндіеуропа тілдері), мысалы, қазақ-қырғыз, қырғыз-қазақ, қазақ-өзбек, өзбек-қазақ және т.б., сол сияқты, қазақ-орыс, орыс-қазақ, қазақ-украин, украин-қазақ және т.б. қатар тілдер корпусы;

5) Қазақ тілінің диалектілік мәтіндерінің жеке корпусы (орыс тілінің «Корпус русских диалектных текстов» тәріздес);

6) Қазақ тілінің поэтикалық мәтіндерінің жеке корпусы (орыс тілінің «Корпус русских поэтических текстов» тәріздес);

7) Қазақ тілінің білім беру корпусы (орыс тілінің «Обучающий корпус русского языка» тәріздес).

Бір айта кететін жайт – «Орыс тілінің Ұлттық корпусы» бойынша ақпарат іздеу жүйесін құру әрекетіне «Яндекс» компаниясы қолдау көрсеткені мәлім. Сол сияқты «Қазақ тілінің Ұлттық корпусынан» ақпарат іздестіруге және оның интернеттегі сайтының дизайнына да қолдау көрсететін компаниялар табылып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Қорыта келе айтарымыз: Ұлттық тіл мәтіндерінің компьютерлік корпусын құру жобасы бір ғана ғылыми ұйымның шешетін мәселесі емес және ол зерттеу жұмысы 3-5 жылда аяқтала қояды деуге де болмайды. Себебі бұл аса күрделі және оның нәтижелері әлемдік дәрежедегі аса маңызды ғылыми жұмыс болып саналады. Зерттеу жұмысының мақсатына сай орындалатын міндеттері де сала-салаға, кезең-кезеңге бөлініп, тек қана ғалымдар қауымдастығын құру арқылы ғана ауқымды нәтижеге ие боларымыз сөзсіз. Мемлекеттік тілдің өз деңгейінде қызмет етуін шындап мақсат етсек, тілімізді компьютердіру ісімен айналысатын жеке институт құрсақ та артықтық етпес еді.

Бір сөзбен айтқанда, қазақ тілінің тілдік корпустарын жасау – көп болып жұмылып атқаратын ұлттық құндылығымыз. Сондықтан Қазақстанның әр жерінде бір-бірінен дербес атқарылып жатқан корпус жасау ісін орталықтандыру керек немесе БҒМ Б. Жұмағұловтың сөзімен айтсақ, «Филологтар қауымдастығын құру» аса қажет демекпіз. Бұл ретте:

- оған Қазақстанның әр жерінде ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып жүрген ғалымдардан арнайы **лингвистикалық топ** құру керек. Өйткені тілдік бірліктерді модельдеу – өте күрделі мәселе. Сондай-ақ тілдік корпустар құрастырудың өзі ең алдымен лингвистикалық белгіленім талдамасын жасауға тіреледі;

- осы кезге дейін жасалып жатқан корпус жасау тәжірибесіндегі **нәтижелерді** бір орталыққа жинақтау керек;

- кітап, газет-журнал шығаратын **баспалармен** шартқа отырып, олардан мәтіндердің электронды нұсқаларын алу қажет.

Сонымен қазақ тілінің Ұлттық корпусын жасау үшін А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында арнайы орталық құрудың қажеттігі мен оның алғышарттарын атап көрсеттік. Ал мұндай ауқымды іске мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе, біртұтас қазақ тілінің Ұлттық корпусын құрастыру ісі алға басатыны сөзсіз. Мұндай Ұлттық құндылықты жасап шығару бүгінгі қазақ тіл білімінің ғана емес, қоғамның болашаққа қояр талаптарының бірі деп білеміз.

Әдебиеттер

1.http://www.edu.gov.kz/baspasz_yzmeti/silegen_szderi/silegen_sz/?tx_ttnews%5Btt_news%5D=5126&cHash=d3c4dcba878d7195a36e094ff8023dfe

2. *Баранов А.Н.* Корпусная лингвистика // Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику: Учебное пособие. –М.: Едиториал УРСС, 2003. С. 112-137.

3. *Захаров В.П.* Корпусная лингвистика: Учебн.-метод. пособие. –СПб., 2005. –48 с.

4. *Вербицкая Л.А., Казанский Н.Н., Касевич В.Б.* Некоторые проблемы создания национального корпуса русского языка // Научно-техническая информация. Серия 2. 2003. №6. –С.2-8.

5. *Шаров С.А.* Представительный корпус русского языка в контексте мирового опыта // Научно-техническая информация. Серия 2. Информационные процессы и системы. 2003. №6. –С.9-18.

6. Национальный корпус русского языка // http://www.ruscorpora.ru

ТҮРІК ТІЛДЕРІН ЛАТЫНДАНДЫРУ: СТАНДАРТТАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЛАТИНИЗАЦИЯ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ: СТАНДАРТЫ И ТЕХНОЛОГИИ
LATINIZATION OF TURKIC WRITING : STANDARDS AND TECHNOLOGY

С.Н. БАЙБЕКОВ

Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан

ҚАЗАҚ АЛФАВИТІНІҢ ЛАТЫН-АҒЫЛШЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖОБАСЫ

Қазіргі таңда біреулер қазақ тілін дамытамыз десе, біреулер оған немқұрайлы қарайды, ал кейбіреулер, шынын айту керек, қарсы. Тоқетерін айтсақ, бұл мәселе – қазақ тілінің кәзіргі жағдайы, оның қоғамдағы орны туралы. Демек, қазақ тілінің дәл қазіргі жағдайы мәз емес. Неге? Оның бір ғана себебі бар. Ол - қазақ тілі техника тіліне келгенде шорқақ, ал қазір техника заманы. Яғни қазақ тілін дамытудың негізгі жолдарының бірі ол – техниканы қазақша сөйлету, немесе қазақ тілін техникаша сөйлету керек. Шындығын айтсақ, техника қазақ тіліне ешқашан бейімделген емес, бейімделмейді де. Осы себепті қазақ тілін техникаға - әлемдегі қолданыста жүрген қаптаған техникалық дүниеге бейімдеу қажет. Ол үшін алдымен текхниканың басты құралы компьютерді қазақша меңгеруіміз керек. Алғашқы мәселе компьютер клавиатурасының түймелерінде (клавишаларында) орналасқан әріптер мен таңбаларда. Себебі компьютер құдіреті осы таңбалардан басталады. Демек, қазақ алфавитін кириллицадан латын графикасы негізінде құралған 26 әріптен тұратын ағылшын алфавитіне (яғни, компьютер алфавитіне) ауыстыру керек. Бұл кезде қазақ әріптенінің саны 26-дан аспау керек, сонда қазақ тілі компьютер дүниесінде еркін өмір сүре алатын болады да, компьютерді қазақша сөйлетуге үлкен мүмкіншілік туады. Бұл өте маңызды мәселе. Ол баршамызға айтпай-ақ түсінікті. Осы жерде тағы да айта кететін мәселе – егер қазақ әріптерінің саны 26-дан бір ғана әріпке артық болып кетсе, онда қазақ алфавитінің компьютердегі мүмкіншілігі белгілі себептерге сәйкес күрт төмендеп кетеді, ондай реформадан пайда шамалы болады. Бұл реформаға қойылар *бірінші талап.*

Екінші шарт-талап. Реформа кезінде ұсынылмақ әріптер мен фонемаларды жаңаша белгілеу үлгілері оңай жатталып есте қаларлықтай ыңғайлы, әрі үйреншікті және қазақ тілі заңдылығына толығымен сәйкес болу керек. Егер олар әлемде қабылданған жүйеге мейлінше бейімді әрі үйлесімді болса – оған құба-құп.

Үшінші шарт-талап. Жаңа алфавит жүйесі техника дүниесіне ғана бейімделмей, ол осы күнге дейін қолданып келе жатқан ескі де жаңа ғылыми, тарихи, әдеби және басқа да мұрамызға жат болмай, олармен табиғи тығыз байланыста болу керек. Әсіресе ол кириллица негізінде жазылған жазба құндылықтарымыз осы жаңа алфавит негізіне оңай да тез аударылуына икемді болу керек.

Енді осы латын-ағылшын алфавитіне көшу тәсілін қарастырайық.

Алдымен қазіргі таңдағы 42 әріптен тұратын қазақ алфавитінен 12 төл әріптерді бөліп алып, оларды төмендегідей етіп латын-ағылшын алфавитіне ауыстырудың жобасын ұсынсақ, бұған ешкім қарсы болмас еді: ***Аа=Aa, Бб=Bb, Гг=Gg, Дд=Dd, Ее=Ee, Лл=Ll, Мм=Mm, Нн=Nn, Оо=Oo, Пп=Pp, Рр=Rr, Тт=Tt.*** Себебі бұл ұсыныс осы бағытта ізденісіп жүрген барлық авторлардың ойымен сәйкес келеді.

Осыдан кейін қазақтың басқа төл әріптері ішінен алдымен ***«у»*** әріпін қарастырсақ, онда көптеген авторлар арасында келісілген тоқтам жоқ. Себебі ***«у»*** дыбысы орыс тілінде дауысты болып табылады. Ал қазақ тіліне келсек кейбір оқулықтрда ол дауысты, ал басқа бір оқулықтарда дауыссыз деп саналады. Осы мәселе шешімінің бір варианты ретінде ұсынбағымыз – егер осы ***«у»*** дыбысы сөздің басында, немесе дауыссыз дыбыстан кейін орналасса, онда ол дауысты болады, ал егер дауысты дыбыстан кейін келетін болса, онда ол дауыссыз болады. Мәселен, *ауа, тауық, қауын ...*

Осы дыбысты кейбір авторлар ***«w»*** әріпі ретінде беріп жүр. Егер қазақтың төл сөздерін жазсақ, онда бұған келісуге болады. Ал егер қазақ тіліне еніп төлсөздей болып кеткен

сөздерді жазатын кезде бұған келісуге мүмкіншілік болмайды. Мәселен, *«университет, уран, ультра, утопия»* т.с.с. сөздерді алайық. Бұл сөздерді қазақ тілі үндестігіне сәйкес етіп *«үніберсітет, ұран, ултіре, ыутопійə»* деп жаз немесе айт деп кәзіргі таңда ешкімді көндіре алмаймыз. Осы тәрізді сөздер тілімізді байытады, оларды тіпті қазақ тіліне аудара да алмаймыз, оның қажеті де жоқ. Бұл сөздер әлдеқашан қазақша болып кеткен. Енді осы сөздерді ***«w»*** әріпі ақылы жазсақ (мәселен, «*wniversitet, wran, wltra»*), онда олар ерсі, үйлесімсіз, әрі қисынсыз болатыны көрініп тұрады. Демек ***«у»*** дыбысын ағылшынның өзіне тән ***«и»*** әріпімен белгілеу керек, яғни ***Уу=Uи***. Осы кезде жоғарыда келтірілген сөздер жазылуы әлемде қабылданған жүйеге дәлме дәл болады.

Енді ***«и,й»*** әріптеріне келейік. Бұл жерде де әртүрлі ұсыныстар бар. Әсіресе *«и»* дыбысы, бұл да *«у»* дыбысы сияқты біресе дауысты, біресе дауыссыз. Кейбір авторлар бұл дыбысты мүлдем алып тастайық деп ұсыныс береді. Сонда жоғарыда айтылғандай *«имам, импорт, импульс, индекс, инерция, интеграл, ион, изотоп»* сияқты қазақы болып кеткен сөздерді қалай айтамыз және қалай жазамыз?

Ал кейбір авторлар *«и»* дыбысын *«й», «і», «ы»* әріптерінің комбинациясы арқылы белгілеуді ұсынады. Сонда олар бұл дыбысты латын графикасында *«іу»* түрінде, ал кейбір кезде *«уі»* әріптерімен жазуды ұсынады. Бұндай ұсыныс жарамсыз. Себебі жазба тексте ағылшындық *«і»* және *«у»* әріптері қаптап кетеді. Екінші жағынан кейбір сөздерді жазғанда әріптер және буындар арасында көптеген үйлесімсіздектер пайда болып, оқырман шатасуға душар болады. Сондықтан ***«и»*** және ***«й»*** әріптерінің екеуінде латынның ***«і»*** әріпімен белгілеуді ұсынамыз, демек ***Ии(й)=Іі.*** Сонда жоғарыда айтылған және сол сияқты сөздер ешқандай шатасымсыз әлемдік бейімге сәйкес дәлме дәл жазылады, мәселен *«import»,* немесе *«ion».* Бұл жерде айта кететін тағы да бір жағдай - егер осы ***«и»*** әріпі сөздің басында, немесе дауыссыз дыбыстан кейін орналасса онда ол дауысты болады, ал егер дауысты дыбыстан кейін келетін болса, онда ол дауыссыз болады.

Енді ***«к»*** және ***«қ»*** әріптерін қарастырайық. Кейбір авторлар *«к»* әріпін латынның *«k»* әріпімен, ал *«қ»* әріпін *«q»* әріпімен белгілеуді ұсынады. Бұның бір ыңғайсыз жері *«Қазақстан»* атауын *«Qazaqstan»* деп жазсақ, онда бұл атау әлемде қабылданған жүйеге сәйкес болмай оғаштау көрінеді. Сондықтан біз алғашқыда осы атауды әдеттегідей етіп *«Kazakstan»* деп жазуды ұсындық. Демек, *Ққ=Kk, Кк=Qq.*

4. Teruko Mitamura, Eric H. Nyberg, Hierarchical lexical structure and interpretive mapping in machine translation, Proceedings of International Conference COLING- 1992 Nantes, 1254-1258 pp.

5. Dilek Zeynep Hakkani, G¨okhan T¨ur, Kemal Oflazer, Teruko Mitamura, and Eric H. Nyberg, An English-to-Turkish Interlingual MT System, Proceedings of International Conference AMTA-1998, pp. 83-94.

Г.Т. БЕКМАНОВА, А. МАХИМОВ

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Институт искусственного интеллекта

ГРАФЕМАТИЧЕСКИЙ И МОРФОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗАТОР КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Автоматическая обработка текстов естественного языка является одним из актуальных направлений развития искусственного интеллекта и информатики в целом, так как результаты в этом направлении позволит решить проблему создания средств эффективного речевого взаимодействия человека с компьютером. Исследованием этой проблемы уже более 50 лет занимаются специалисты нескольких научных областей. С развитием современных естественно-языковых технологий появилась принципиальная возможность понимания естественно-языкового текста, то есть смысла текста компьютером. Сегодня можно с уверенностью говорить о том, что в Казахстане развивается компьютерная лингвистика, что позволяет надеяться на то, что в скором времени будут существовать лингвистические

процессоры – компоненты, составляющие структуру систем анализа текстов, которые последовательно обрабатывают входной текст. Вход одного процессора является выходом другого[1].

Выделяются следующие компоненты:

• графематический анализ — выделение слов, цифровых комплексов, формул и т.д.;

• морфологический анализ — построение морфологической интерпретации слов входного текста;

• синтаксический анализ — построение дерева зависимостей всего предложения;

• семантический анализ — построение семантического графа текста.

По результатам работы графематического анализатора при анализе повести «Көксерек» М. Ауезова были получены следующие результаты:

Количество абзацев: 231
Количество предложений: 871
Количество слов: 7396
Предложений длины 1: 4
Предложений длины 2: 32
Предложений длины 3: 58
Предложений длины 4: 75
Предложений длины 5: 92
Предложений длины 6: 80
Предложений длины 7: 85
Предложений длины 8: 76
Предложений длины 9: 72
Предложений длины 10: 50
Предложений длины 11: 55
Предложений длины 12: 45
Предложений длины 13: 27
Предложений длины 14: 26
Предложений длины 15: 22
Предложений длины 16: 11
Предложений длины 17: 14
Предложений длины 18: 11
Предложений длины 19: 10
Предложений длины 20: 11
Предложений длины 21: 6
Предложений длины 22: 2
Предложений длины 23: 1
Предложений длины 24: 1
Предложений длины 25: 1
Предложений длины 26: 1
Предложений длины 27: 2
Предложений длины 29:1

Данная статистика необходима для построения семантической модели текста. Поскольку можно предположить, что предложения длиной (под длиной предложения понимается количество слов в нем) меньше 4 слов является простым. А предложение длиной больше или равное 4 может не являться простым. Это простейшая проверка позволит не анализировать синтаксическим анализатором короткие предложения, что экономит время работы алгоритма.

Морфологический анализ казахских текстов – это задача обратная генерации (синтезу) словоформ и новых слов. Под словоформами понимаются измененные с помощью окончаний по падежам, числам, лицам и т.д. слова (флексии), под новыми словами понимаются слова, несущие новую смысловую нагрузку, образованные путем прибавления в суффиксов и т.д. Таким образом, при разработке морфологического анализатора был разработан морфологический синтезатор казахских слов, основанный на формальных правилах.

Морфологический синтез слов осуществляется с помощью эмулятора нейронной сети, который генерирует все словоформы на основе формальных правил (рисунок 1).



Рисунок 1. Процесс словоизменения

Процесс словоизменения и словообразования основывается на детальном анализе начальной формы слова с целью выделения его морфологических признаков и считывания его семантических признаков из базы знаний. Далее определяется траектория словоизменения, происходит сам процесс словоизменения на основе семантической нейронной сети и запись словоформы и его морфологической информации в словарь словоформ. В таблице 1 приведен пример словоизменения существительного «ізбасар». Фрагмент формальных правил словоизменения на примере существительного с учетом закона сингармонизма, который обуславливает добавления мягких или твердых окончаний в зависимости от мягкости или твердости основы. Данные формальные правила содержат и семантические категории.

Приведенный пример показывает фрагмент правил, где «зе» – зат есім (имя существительное), «жа» - жанды (одушевленность), «01» заканчивается на твердые гласные а, о, ұ, «))» между закрывающими скобками помещены окончания существительных, после «!» морфологическая информация[2].

Таблица 1. Словоизменение одушевленного существительного «ізбасар»

Словоформа	МИ	Словоформа	МИ
ізбасар	зежа	ізбасарымыздың	зежа#тә11іл
ізбасармын	зежа#жі11	ізбасарымызға	зежа#тә11ба
ізбасармыз	зежа#жі11	ізбасарымызды	зежа#тә11та
ізбасарсың	зежа#жі22	ізбасарымызда	зежа#тә11жс
ізбасарсыңдар	зежа#жі22	ізбасарымыздан	зежа#тә11шы
ізбасар	зежа#жі33	ізбасарымызбен	зежа#тә11кө
ізбасарым	зежа#тә11	ізбасарымызбенен	зежа#тә11кө
ізбасарымыз	зежа#тә11	ізбасарыңның	зежа#тә22іл
ізбасарың	зежа#тә22	ізбасарыңа	зежа#тә22ба
ізбасарыңыз	зежа#тә22	ізбасарыңды	зежа#тә22та
ізбасары	зежа#тә33	ізбасарыңда	зежа#тә22жс
ізбасарлар	зежа#кт	ізбасарыңнан	зежа#тә22шы
ізбасарлармыз	зежа#ктжі11	ізбасарыңмен	зежа#тә22кө
ізбасарларсыңдар	зежа#ктжі22	ізбасарыңменен	зежа#тә22кө
ізбасарлар	зежа#ктжі33	ізбасарыңыздың	зежа#тә22іл
ізбасарларым	зежа#кттә11	ізбасарыңызға	зежа#тә22ба
ізбасарларымыз	зежа#кттә11	ізбасарыңызды	зежа#тә22та
ізбасарларың	зежа#кттә22	ізбасарыңызда	зежа#тә22жс
ізбасарларыңыз	зежа#кттә22	ізбасарыңыздан	зежа#тә22шы
ізбасарлары	зежа#кттә33	ізбасарыңызбен	зежа#тә22кө
ізбасар	зежа#ат0	ізбасарыңызбенен	зежа#тә22кө
ізбасардың	зежа#іл	ізбасарлардың	зежа#ктіл
ізбасарға	зежа#ба	ізбасарларға	зежа#ктба
ізбасарды	зежа#та	ізбасарларды	зежа#ктта
ізбасарда	зежа#жс	ізбасарларда	зежа#ктжс
ізбасардан	зежа#шы	ізбасарлардан	зежа#ктшы
ізбасармен	зежа#кө	ізбасарлармен	зежа#кткө
ізбасарменен	зежа#кө	ізбасарларменен	зежа#кткө
ізбасарымның	зежа#тә11іл	ізбасарларымның	зежа#кттә11іл
ізбасарыма	зежа#тә11ба	ізбасарларыма	зежа#кттә11ба
ізбасарымды	зежа#тә11та	ізбасарларымды	зежа#кттә11та
ізбасарымда	зежа#тә11жс	ізбасарларымда	зежа#кттә11жс
ізбасарымнан	зежа#тә11шы	ізбасарларымнан	зежа#кттә11шы
ізбасарыммен	зежа#тә11кө	ізбасарларыммен	зежа#кттә11кө

ізбасарымменен	зежа#тә11кө	ізбасарларымменен	зежа#кттә11кө
ізбасарларыңның	зежа#кттә22іл	ізбасарларымыздың	зежа#кттә11іл
ізбасарларыңа	зежа#кттә22ба	ізбасарларымызға	зежа#кттә11ба
ізбасарларыңды	зежа#кттә22та	ізбасарларымызды	зежа#кттә11та
ізбасарларыңда	зежа#кттә22жс	ізбасарларымызда	зежа#кттә11жс
ізбасарларыңнан	зежа#кттә22шы	ізбасарларымыздан	зежа#кттә11шы
ізбасарларыңмен	зежа#кттә22кө	ізбасарларымызбен	зежа#кттә11кө
ізбасарларыңменен	зежа#кттә22кө	ізбасарларымызбенен	зежа#кттә11кө
ізбасарларыңыздың	зежа#кттә22іл	ізбасарларыңыздан	зежа#кттә22шы
ізбасарларыңызға	зежа#кттә22ба	ізбасарларыңызбен	зежа#кттә22кө
ізбасарларыңызды	зежа#кттә22та	ізбасарларыңызбенен	зежа#кттә22кө
ізбасарларыңызда	зежа#кттә22жс	ізбасарларымсыңдар	зежа#кттә11жі22
ізбасарларысыңдар	зежа#кттә33жі22	ізбасарларыңбыз	зежа#кттә22жі11

Казахский язык, относящийся к группе тюркских языков, очень хорошо поддается формализации. Далее существует три алгоритма работы морфологического анализатора: декларативный, процедурный, комбинированный.

Декларативный метод[3,4]. При таком методе реализации морфологического анализа в словаре хранятся все возможные словоформы каждого слова и соответствующая им морфологическая информация. В этом случае задача морфологического анализа заключается в поиске словоформы в словаре и переписывании из словаря морфологической информации. Так как количество различных словоформ каждого слова довольно велико, декларативный метод требует значительных затрат памяти вычислительной системы, что сопровождается рядом трудностей, связанных с созданием и поддержкой словаря, а также с избыточностью информации. К достоинствам данного метода следует отнести высокую скорость анализа и универсальность по отношению к множеству всех возможных словоформ.

Для эффективного поиска, по словарю словоформ, который в данное время содержит более 2 800 000 словарных статей, было построено в некоторых вариантах анализатора – дерево, в других использовалась хеш-функция.

Процедурный метод предполагает предварительную систематизацию морфологических знаний о естественном языке и разработку алгоритмов присвоения морфологической информации отдельной словоформе[3,4]. Процедурный морфологический анализатор состоит из следующих этапов: выделение в текущей словоформе основы, ее идентификация, приписывание словоформе соответствующего перечня морфологической информации. К недостаткам этого метода относятся высокая трудоемкость составления словарей совместимости, что является трудно решаемой и не автоматизируемой полностью задачей для языков, которым свойственно большое число слов-исключений. Реализация данного способа занимает значительно меньший объем памяти, но при этом увеличивается время морфологического анализа за счет разбиения словоформы на составляющие и применения процедур совместимости [4].

При использовании процедурного метода алгоритм морфологического анализа значительно усложняется. Дело в том, что, например, для существительных личное окончание первого лица «-м» входит в другие окончания «-мін», «-міз» и другие.

Рассмотрим пример для слова «бала - ребенок» (лемма) и двух его словоформ «баламның - моего ребенка», «баламын - я ребенок». В первом случае к основе присоединены два окончания личное окончание первого лица «-м» и падежное окончание «-ның». Во втором случае к основе добавлено одно личное окончание первого лица «-мын». Алгоритм поиска должен предусматривать любое возможное количество присоединенных окончаний и накопление морфологической информации. Ниже будет построен алгоритм поиска слова и его морфологической информации[81,82,83]:

1. Слово считывается;

2. Открывается словарь начальных форм и в нем выполняется поиск считанного слова;
3. Если слово найдено, то перейти к шагу 8, иначе шаг 4 ;
4. Слово в цикле посимвольно считывается, начиная с последнего символа, то, что получается, ищем в словаре окончаний;
5. Если окончание найдено, то остаток ищем в словаре начальных форм;
6. Запоминаем морфологическую информацию слова;
7. Если такое слово не найдено, то переходим к шагу 4, иначе к шагу 8 ;
8. Конец.

Комбинированный метод. В системах реальной степени сложности чаще используется комбинированный вариант морфологического анализа. При этом используется как словарь словоформ, так и словарь основ. На первом этапе проводится поиск по словарю словоформ, как при декларативном методе, и в случае успешного поиска анализ на этом завершается. В противном случае задействуется словарь основ и процедурный метод анализа.

На рисунке приведен пример работающего приложения морфологического анализатора на основе комбинированного метода.



Рисунок 2. Окно морфологического анализатора

За несколько лет работы совместно со студентами и магистрантами над различными модификациями морфологического анализатора казахского языка, можно сделать вывод, что в основе наиболее эффективного анализатора должен лежать именно комбинированный метод его построения. Поскольку в базе данных начальных форм слов находится около 50 тысяч начальных форм слов, из которых сгенерировано более 3 миллионов словарных статей, то в случае работы декларативного метода такое количество является недостаточным для эффективной работы морфологического анализатора. Смею предположить, что для эффективной работы такого метода необходимо 150 тысяч начальных форм слов и около 9 миллионов словарных статей. В сложившейся ситуации комбинированный метод позволяет построить эффективный анализатор около 90%, остальные 10% ошибок можно устранить за счет пополнения базы данных начальных форм слов. Данные ошибки неизбежны из-за вхождений последовательностей символов окончаний и суффиксов друг в друга, когда их невозможно развести явно по семантическим признакам.

Литература

1. А.А. Дунаев. Исследовательская система для анализа текстов на естественном языке
2. Зализняк А.А. Грамматический словарь русского языка. Словоизменение − М.: Русский язык, 1980. − 880 с.
3. Добрушина Е.Р., Савина Г.Б., Гельбух А.Ф. Система точного морфологического анализа и синтеза // Программное обеспечение новой информационной технологии. − Калинин: НПО ЦПС, 1989.
4. Вороной С.М., Егошина А.А. Повышение эффективности интеллектуального поиска в полнотекстовых базах данных на основе автоматического аннотирования документов. VII Международная конференция «Интеллектуальный анализ информации ИАИ-2007».: Киев, 15-18 мая 2007 г.: Сб. тр.//Рос.ассоц.искусств.интеллекта и др.; Под ред. Т.А. Таран. – К.:Просвіта, 2007. –392 с.

А.С. МУКАНОВА, Б.Ж. ЕРГЕШ, РАЗАХОВА Б.Ш.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бұл жұмыста қазақ тілінің морфологиялық ережелерінің онтологиялық модельдері көрметілген.

Кілттік сөздер: онтология, морфологиялық ережелер, семантикалық гиперграф.

Қазіргі кезде табиғи тілді өңдеу процестерінде қиындық тудыратын жағдай ол формалдау болып табылады. Сөзді тудыруды қандай да бір белгіленген траектория бойынша жүзеге асыру қиын, себебі, сөзден жаңа сөз тудыру оның бастапқы түбірінің мағынасына байлынысты болады. Сондықтан да білімді ұсынудың формалды құралын таңдау қажет. Білімді ұсынудың формалды құралының бірі ретінде семантикалық гиперграфты алуға болады. Семантикалық гиперграф семантикалық желінің кеңейтілген түрі, онда *n*-арлы қарым- қатынас көрсетілген, сол себепті де семантикалық гиперграф арқылы объектінің атрибуттарын ғана емес, сонымен қатар, олардың құрылымын, «бүтіндік» бейнеленуін көрсетуге болады[1,2].

H гиперграфы (***V, R***) жұбымен анықталады, мұндағы ***V***= $\{v_i\}$ – төбелер жиыны; ***R***= $\{r_j\}$ – қабырғалар жиыны;*i* = 1, 2, …, *n*;*j* = 1, 2, ..., *m*; әрбір қабырға келесі жиыннан тұрады ***V***, яғни, $r = \{(v_{j_s}, v_{j_t})\}$, $j_s \neq j_t$, s, t – натуралды сандар.

Онтология түсінігі грек тілінен аударғанда онтос – жан,мән,мағына, логос - білім дегенді білдіреді, яғни болмысты зерттейтін философиялық ілім.

Техникалық ғылымдарда онтологияның қолданылуының негізгі мәні белгілі бір білім облысы бойынша мәліметтер жиынының барлығын қамтитын және бөліктік формализацияны концептуальді сызбамен көрсетуі. Концептуальды сызба негізінде түсініктер жиыны + түсініктер жайлы мәліметтер (қасиет, қатынас, шектеу, аксиомалар және түсініктердің бекітілуі, бұл ақпараттардың барлығы таңдалынған пәндік облыс бойынша есептің шешілу процесін сипаттау үшін қажет) беріледі.

Компьютерлік лингвистикамен айналысатын мамандардың арасында онтологияның нақты тұрақталынған (классикалық) анықтамасын Губерт ұсынды: онтология – бұл концептуализацияның эксплицитті спецификациясы, мұнда концептуализация ретінде пәндік облыстың объекттерінің жиындары мен олардың арасындағы байланыстардың сипатталуы түсініледі.

Қазақ тілінің морфологиялық ережелерінің онтологиялық модельдері онтологияны құрудың негізгі ережелеріне сай құрылады, бірақ та білімді ұсыну тілі ретінде семантикалық гиперграф алынады. Осы формализм онтологияны семантикалық гиперграф түрінде бейнелеуге мүмкіндік береді: O (X, R, I), мұндағы X – пәндік облыс түсініктерінің жиыны (гиперграф төбесі), R – түсініктер арасындағы қарым- қатынастар жиыны (гиперграф доғалары мен қабырғалары), ал I – осы пәндік облыстағы түсініктер мен қарым- қатынастар аттарының жиыны.

Семантикалық гиперграф арқылы түбір сөздерге жалғаулар мен жұрнақтарды қосу ережелері формалданады. Гиперграфтар негізінен алғанда көп өлшемді құрылым болып табылады. Бірақ көптеген жағдайда бір өлшемді құрылымдарды пайдаланған тиімді болып жатады. Сондықтан да көп өлшемді графтар құрылымындағы ақпараттың бір өлшемді құрылымға өткені біз үшін қажет. Графтарды бірөлшемді құрылым ретінде бейнелеу үшін сызықтық жақшалық жазбаларды қолдануға болады, яғни, гиперграфтарды жолдар түрінде бейнелеу [3]. Онда гиперграфтың төбелері ашылған және жабылған дөңгелек жақша түрінде бейнеленеді. Гиперграфтар мен олардың сызықтық жақшалық жазбалары арасында тығыз біртипті өзара байланыс бар. Сызықтық жақшалық жазба қандай да бір гиперграфты толықтай тексеріп, айналып өткеннен кейін жасалынады. Графтар мысалы және оларға сәйкес келетін сызықтық жақшалық жазбалардың мысалдары сурет 1-де көрсетілген.



Сурет 1. Сызықтық жақшалық жазба түрлері

Қазақ тілінде 9 сөз табы бар. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу, одағай, шылау, еліктеу сөздер. Төменде осы сөз таптарының онтологиялық модельдері, сызықтық жақшалық жазба арқылы алынған формалды ережелер көрсетіледі, ол ережелер қазақ тілінің сөздерін тудыру үшін қолданылады.

Сурет 2-де зат есімнің онтологиялық моделі көрсетілген.



Сурет 2. Зат есімнің онтологиялық моделі

Формалды ережелер төмендегідей болады:

((зежа01))!ат0	(зат есім,жанды, 01 дауысты)! атау септік	((бала))
((зежа01)ның)!іл	((зат есім,жанды, 01 дауысты)ның)! ілік септік	((бала)ның)
((зежа01)ға)!ба	((зат есім,жанды, 01 дауысты)ға)! барыс септік	((бала)ға)
((зежа01)ны)!та	((зат есім,жанды, 01 дауысты)ны)! табыс септік	((бала)ны

Сурет 3- те сын есімнің онтологиялық моделі көрсетілген.



Сурет 3. Сын есімнің онтологиялық моделі

Сын есім үшін формалды ережелер:

((сы011р)рақ)!сыса	сын есім, дауысты, рақ жұрнақ	(ақылды)рақ – «умнее»
((сы014л)лау)!сыса	салыстырмалы шырай	(ақылды)лау – «умнее» өте ақылды – «очень умный»
((сы01)ның)!іл	сын есім, ілік септік	(ақылды)ның – «умного»
((сы01)мын)!жк11	сын есім, I-жақ жіктік жалғау	(ақылды)мын – «я умный»
((сы01)сың)!жі22	сын есім, II-жақ жіктік жалғау	(ақылды)сың – «ты умный»

Сурет 4- те сан есімнің онтологиялық моделі көрсетілген.



Сурет 4. Сан есімнің онтологиялық моделі

Сурет 5- те есімдіктің онтологиялық моделі көрсетілген.



Сурет 5. Есімдіктің онтологиялық моделі

Сурет 6- да етістіктің онтологиялық моделі, сонымен қатар сурет 7- де қазақ тіліндегі «тара» етістігінің оның жаңа сөзжасамдарын жасауға мүмкіндік беретін семантикалық гиперграф түрінде бейнеленуі көрсетілген.



Сурет 6. Етістіктің онтологиялық моделі



Сурет 7. Семантикалық гиперграф түрінде бейнеленуі

Жоғарыда көрсетілген етістіктен етістік формаларын [4] тудыруды бейнелейтін семантикалық гиперграфты сызықтық жақшалық жазба арқылы бейнелейтін болсақ төмендегідей формалды ережелер шығады:

((ет01нг)с)!ое
(((ет01нг)с)тыр)!өг
((((ет01нг)с)тыр)ыл)!ые
((((ет01нг)с)тыр)у)!қа
((((ет01нг)с)тыр)т)!өг
(((((ет01нг)с)тыр)т)қыз)!өг
(((ет01нг)т)қалы)!өк
(((ет01нг)т)қанша)!өк
(((ет01нг)т)а)!ок
(((ет01нг)т)у)!қа
((ет01нг)л)!ые
(((ет01нг)л)ды)!өе

((((ет01нг)с)тыр)ғыз)!өг
(((ет01нг)с)ын)!өз
(((ет01нг)с)па)!бз
(((ет01нг)с)ты)!өе
(((ет01нг)с)қан)!өе
(((ет01нг)с)атын)!өе
(((ет01нг)с)ар)!ке
(((ет01нг)с)пақ)!ке
(((ет01нг)с)ып)!өк
(((ет01нг)с)қалы)!өк
(((ет01нг)с)қанша)!өк
(((ет01нг)с)а)!ок
((ет01нг)т)!өг
(((ет01нг)т)ыл)!ые
((((ет01нг)т)ыл)ма)!бз
(((ет01нг)т)па)!бз
((((ет01нг)т)па)у)!қа
(((ет01нг)т)тыр)!өг
(((ет01нг)т)қыз)!өг
((((ет01нг)т)тыр)т)!өг
((((ет01нг)т)тыр)ғыз)!өг
((((ет01нг)т)қыз)дыр)!өг
((((ет01нг)т)қыз)ғыз)!өг
(((((ет01нг)т)тыр)т)қыз)!өг
((((((ет01нг)т)тыр)т)қыз)дыр)!өг
(((((ет01нг)т)қыз)дыр)т)!өг
(((ет01нг)т)ты)!өе
(((ет01нг)т)қан)!өе
(((ет01нг)т)атын)!өе
(((ет01нг)т)ар)!ке
(((ет01нг)т)пақ)!ке
(((ет01нг)т)ып)!өк
(((ет01нг)л)ған)!өе
(((ет01нг)л)атын)!өе
(((ет01нг)л)ар)!ке
(((ет01нг)л)мақ)!ке
(((ет01нг)л)ып)!өк
(((ет01нг)л)ғалы)!өк
(((ет01нг)л)ғанша)!өк
(((ет01нг)л)а)!ок
(((ет01нг)л)ма)!бз
((((ет01нг)л)ма)с)!ое
((ет01нг)н)!өз
(((ет01нг)н)ды)!өе
(((ет01нг)н)ған)!өе
(((ет01нг)н)атын)!өе
(((ет01нг)н)ар)!ке
(((ет01нг)н)бақ)!ке
(((ет01нг)н)ып)!өк
(((ет01нг)н)ғалы)!өк
(((ет01нг)н)ғанша)!өк
(((ет01нг)н)ба)!бз
(((ет01нг)л)а)!ок
((ет01нг)ма)!бз
((ет01нг)у)!қа
((ет01нг)ды)!өе
((ет01нг)ған)!өе
((ет01нг)йтын)!өе
((ет01нг)р)!ке
((ет01нг)мақ)!ке
((ет01нг)п)!өк
((ет01нг)ғалы)!өк
((ет01нг)ғанша)!өк
((ет01нг)й)!ок

Осы формалды ережелердің көмегімен қазақ тіліндегі етістіктерден етістіктің 75-ке жуық жаңа сөзжасамдарын тудыруды автоматтандыруға болады.

Қорытынды

Қазақ тілінің морфологиялық ережелерінің онтологиялық ережелері құрылды, білімді ұсыну тілі ретінде семантикалық гиперграф қолданылды, соның нәтижесінде сөздерді түрлендіру мен тудыруды автоматты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін формалды ережелер жасалды. 40000 бастапқы түбір сөзден тұратын базаны әрбір сөз табы үшін алынған формалды ережелер арқылы генерациялау барысында 3 200 000 жаңа сөзжасамдар алуға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

1. Berge C.C. Graphs and Hypergraphs, Elsevier Science Ltd. 1985
2. Vizing V.G.(). About a coloring of intsidentor in the hypergraph. Diskretn. Anal. Issled. Oper., Ser. 1, 14:3, 2007. p. 40–45.
3. Батищев, Д.И. Многоуровневая декомпозиция гиперграфовых структур. /Д.И. Батищев, Н.В. Старостин, А.В. Филимонов. //Прилож. К журналу «Информационные технологии» №5(141) 2008, С.1 - 32.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991, Б. 135-148.

Б.Ж.ЕРГЕШ, А.С.МУКАНОВА, Б.Ш.РАЗАХОВА

Л.Н.Гумилев атындығы Еуразия ұлттық университеті, Астана

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ МОДЕЛІ

Қазақ тілінде мынадай сөйлем мүшелері бар: *бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш.*

Сөйлем құрамында сөйлем мүшелерінің белгілі бір орны бар. Қазақ тіліндегі сөйлемнің құрылымындағы басты ерекшелік – бастауыш сөйлемнің басында, баяндауыш көбінесе соңында қолданылады. Анықтауыш бастауыш пен толықтауыштың алдынан, ал толықтауыш көбінесе баяндауыштың алдынан; пысықтауыш - өзіне қатысты сөздің алдынан қолданылады. Бұл - сөйлемнің қазақ тіліне тән құрылымдық үлгісі. Дегенмен, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі өзгеруі де мүмкін. Біз олардың өзгеруіне сәйкес екі, үш, төрт және бес мүшенің қатысуымен жасалатын топтарға бөліп қарастырамыз. Сөйлем мүшелері: бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауышты сәйкесінше Бс, Бн, Т, А, П таңбаларымен таңбалайық.

1. <Бс> + <Бн>;
2. <Бс> + <Т> + <Бн>;
3. <Бс> + <П> + <Бн>;
4. <Бс> + <Т> + <П> + <Бн>;
5. <Бс> + <П> + <Т> + <Бн>;
6. <Бс> + <А> + <Т> + <Бн>;
7. <Т> + <А> + <Бс> + <Бн>;
8. <Т> + <П> + <Бс> + <Бн>;
9. <Т> + <Бс> + <П> + <Бн>;
10. <П> + <Бс> + <Т> + <Бн>;
11. <А> + <Бс> + <Т> + <Бн>;
12. <А> + <Бс> + <П> + <Бн>;
13. <Бс> + <П> + <А> + <Т> + <Бн>;
14. <Бс> + <А> + <Т> + <П> + <Бн>;
15. <П> + <Бс> + <А> + <Т> + <Бн>;
16. <П> + <Т> + <А> + <Бс> + <Бн>;
17. <А> + <Бс> + <П> + <Т> + <Бн>;
18. <А> + <Бс> + <Т> + <П> + <Бн>;
19. <А> + <Т> + <Бс> + <П> + <Бн>.

Лепті сөйлем мен өлең жолдарындағы сөздердің орын тәртібінде өзгеріс болуы мүмкін. Шындығында қазақ тілінде грамматикалық қатынастар сөз түрлендіруші формалар мен көмекші сөздер арқылы (оның ішінде әсіресе көмекші етістіктер арқылы) беріледі.

Қазақ тіліндегі жай сөйлемдердің синтаксистік ережелерінің формалды грамматика көмегімен математикалық моделдері [1] және семантикалық моделдері құрастырылған [2].

Бұл жұмыста жай сөйлемдердің жоғарыда келтірілген құрылымға сәйкес онтологиялық модель тұрғызылды.

Онтологиялық моделдің негізгі мәні белгілі бір білім облысы бойынша мәліметтер жиынының барлығын қамтитын және бөліктік формализацияны концептуальді сызбамен көрсетуі. Концептуальды сызбада түсініктер жиыны мен түсініктер жайлы мәліметтер (қасиет, қатынас, шектеу, аксиомалар және түсініктердің бекітілуі, бұл ақпараттардың барлығы таңдалынған пәндік облыс бойынша есептің шешілу процесін сипаттау үшін қажет) беріледі.

Онтологияның көптеген модельдері келесі компоненттерден тұрады:

- *концепттер*(түсінік, класстар),
- *концепттердің* қасиеттері (атрибуттары, ролдері),
- *қатынастар* концепттер арасында (тәуелсіздік, функциялар),
- қосымша *шектеулер*,олар аксиомалармен анықталады,
- қолданылу мысалдары.

Ұсынылатын онтологиялық модель сөйлем мүшелерінің семантикалық сипаттамаларымен құрастырылады, ал сөйлем мүшелерінің семантикалық сипаттамасы сөз таптарымен анықталады. Қазақ тілінің грамматикасынан белгілі сөйлем мүшелерінің қандай сөз таптары болатындығын қарастырайық [3].

Бастауыш болатын сөз таптары:

– атау түрдегі, тәуелдік жалғаулы және көптік жалғаулы зат есім, мысалы: Мына ***кітап*** тамаша жазылыпты. Айгүлдің ***үйі*** кеше қалаға көшті. ***Оқушылар*** еңбек ардагерлеріне көмектесті;

– заттанған сын есім (біріншіден, заттың орнына айтылуы керек, екіншіден, сөйлем ішінде басқа сын есім немесе сын есімнен шыққан сөз болуы керек), мысалы: ***Молшылық*** біздің *адал* еңбегімізбен жасалған;

– көптік жалғаулы заттанған сын есім, мысалы: Жақсылар елге еңбегімен танылады;

– сан есім (артынан айтылған зат есім жоқ болса), жинақты сан есім және оның тәуелденген түрі, есепті сан есімнің тәуелді түрі, ретті сан есім, бөлшек сандардың бөлшегі мен көрсеткішінің тәуелденген түрі, шақты, шамалы шылаулары бар сан есім, оның көптік түрі де тәуелдік жалғау жалғанған түрі де, мысалы: Бес - екіге қалдықсыз бөлінбейді. Олардың екеуі де өз мамандықтарын жақсы біледі. Жарысқа қатысушылардың бесіншісі бәрінен жүйрік. Оқушылардың екінің бірі үздік оқиды. Ауыл үйлерінің он шақтысы жайлауға көшіп үлгерді;

– жіктеу, сілтеу, сұрау, өзіндік (тәуелді жалғаулы өз), белгісіздік, болымсыздық (тәуелді жалғаулы ешбір) есімдіктері, мысалы; Олар кездесетін орынға межелі уақыттан ерте жетті. Ондай жалқауларға сол керек. Шәмшінің әндерін кім ұнатпайды дейсің. Өзі әнді тамылжытып ала жөнелді;

– зат есімнің тіркесінсіз етістіктен зат есімге айналған сөздер, мысалы: Білетіндер емтиханды тез тапсырып шығып жатыр;

– де етістігі арқылы объектке айналған етістіктер, мысалы: Кешіктім деген бір күнді жоғалтқанмен бірдей;

– объектке айналған немесе жұрнақ жалғанып басқа сөз табына айналған одағай, шылау және үстеу сөздер, мысалы: Әйт-шу дегендер малдың басын тез қайырды. Еріншектің ***ертеңі*** бітпес. .

Баяндауыш болатын сөз таптары:

– етістік, мысалы: Жұмысшылар сегіз сағат жұмыс ***жасады***.

Толықтауыш болатын сөз таптары:

– ілік септігінен басқа септік жалғауларында тұрған зат есім және затқа айналған сын есім, сан есім, есімше, есімдік, мысалы: Айжан жаңа жылды үлкен жетістіктермен қарсы алды. Мен кеше онымен сөйлесіп қалдым. Тәжірибелі ұстаздардың еңбегі жастарға өнеге болады. Төрт екіге қалдықсыз бөлінеді. Маржан өз ***айтқанынан*** қайтпады.

Пысықтауыш болатын сөз таптары:

– үстеу, мысалы: Бүгін күн жылынды. Айгүлдер асықпай шығып кетті.

– сын есім, мысалы: Айман жылы сөйлеп, оқушылардың тілін тапты. Бұл дұрыс айтылған екен.

– көсемше, мысалы: Ақын өз өлеңін мәнерлеп оқыды.

– барыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктерінде тұрған сөздер, мысалы: Балалар мектепке жиналды. Қалада зәулім ғимараттар көп. Автобус ауылдан ұзап кетті. Сені дауысыңнан таныдым.

– шейін, дейін бола, қарай, таман шылаулары тіркескен барыс септіктегі сөздер, мысалы: Кешке таман ауыл қарттарына концерт ұйымдастырылды. Түнге қарай күн суытты.

– кейін, ары, соң, бұрын шылаулары тіркескен кейбір шығыс септіктегі сөздер, мысалы: Программаны жазбастан бұрын математикалық модель құру қажет. Біз бір айдан соң мектеппен қоштасамыз.

– бірге, қабат, қатар, шылаулары тіркескен кейбір көмектес септіктегі сөздер, мысалы: Айгүл өзімен бірге құрбысын ертіп келді. Ауыл тұрмысы қаламен қатар өсіп келеді.

– арқылы, арқасында, үшін, сайын шылаулары тіркескен сөздер, мысалы: Диқан еңбегінің жемісін ***күн сайын*** бақылады.

Анықтауыш болатын сөз таптары:

– сын есімнің атау түрі, мысалы: Арман қызыл түсті жақсы көреді;

– сан есімнің атау, туынды түрі, мысалы: Егістікте он комбайын жүр. Он екінің бөлгіштері: бір, екі, үш, төрт, алты және өзі;

– зат есім (қатар тұрған екі зат есімнің бұрын айтылғаны) , мысалы: Атай қыш құмыра жасағанды ұнатады;

– сілтеу, өзіндік, жалпылау, белгісіздік есімдіктердің атау түрі, мысалы: Мына сурет түрлі түсті бояумен салыныпты. Мынадай табиғатты өз көзіңмен көргенге не жетсін! Барлық халық бейбітшілікті қалайды. Жолаушылардың бірнеше күні бар;

– есімше мен етістік есімдер, мысалы: Алынған сыйлықтар сәбилерге тапсырылды;

– еліктеуіш сөздер, мысалы: Гуу-гу әңгімемен ауылға да жеттік;

– ілік септігіндегі барлық сөз таптары, мысалы: ***Майраның*** апасы мектепке келді. Мұны ***айтқан кісінің*** атын білесің бе? ***Үлкеннің*** айтқанын тыңдау қажет.

Қазақ тілінің жай сөйлемінің онтологиялық моделінің фрагменті 1-суретте көрсетілген, ал 1-кестеде онтолгиялық моделді құруда қолданылған атаулар мен белгілер көрсетілді.



Сурет 1 – Қазақ тілінің жай сөйлемінің онтологиялық моделінің фрагменті

Кесте 1 – Онтологиялық моделді құруда енгізілген атаулар

Қысқаша белгіленуі	**Атауы**
SS(Simple Sentence)	Жай сөйлем
Q	Құрылымы
Q_1	Бірінші индексті құрылым

S (Subject)	Бастауыш
A (Addition)	Толықтауыш
D (Determination)	Анықтауыш
C (Condition)	Пысықтауыш
P (Predicate)	Баяндауыш
N (Noun)	Зат есім
Adj (Adjective)	Сын есім
Num (Numeral)	Сан есім
Adv (Adverb)	Үстеу
Pron (Pronoun)	Есімдік
V (Verb)	Етістік

Құрастырылған онтологиялық моделдерді синтаксистік талдауға қолдануға болады. Синтаксистік талдаудың басты мақсаты – сөйлемнің құрылымын талдау. Құрылымды тілдің контексті бос грамматикасын талдауға сәйкес ағаш ретінде қабылдауға болады. Синтаксистік талдау нәтижесі сөздердің симантикалық базасына сілтеу жасайтын синтаксистік шығарылым бұтағы болып табылады. Синтаксистік талдау барысында сонымен бірге сөйлем құрылымымен байланысты қателер де табылады.

Әдебиеттер

1. Уталина Б. Ш.,А.Ә. Шәріпбаев. Контексті бос грамматика арқылы қазақ тілі сөйлемдер жиынының анықталуы. //Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының Баяндамалары. - Алматы, 2005. -№5. - Б 123-128.

2. Б.Ш. Разахова, Ф.М. Туледиярова. Семантика желі көмегімен қазақ тілінің жай сөйлемдерін формалдау // Вестник. Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2012. – Специальный выпуск.– С.403-409.

3. Балақаев М. Б. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. -237б.

Г.К. ЕЛИБАЕВА, Б.З. АНДАСОВА

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

МӘТІНДІК ҚҰЖАТТАРДЫ КЛАССИФИКАЦИЯЛАУДА ОНТОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Бүгінгі таңда әр түрлі саладағы электронды құжаттар санының қарқынды өсуі және олардың Интернет желісінде қолжетімді болуы ақпараттың басым бөлігінің компьютерде электронды мәтіндік құжаттар түрінде сақталуына әкеп соғады. Көптеген ұйымдарда қажетті білімдердің едәуір бөлігі құжаттық деректер қорында болады. Осындай жағдай мәтінді талдау (Text Mining) саласына, яғни мәтіндік құжаттардан білімдерді автоматты түрде алу мен өңдеу әдістеріне жоғары қызығушылық танытып отыр. Табиғи тіл мәтіндерінің құрылымымен автоматты түрде білімдерді алу қиын. Мұндай білімдер сараптамашы арқылы жеңіл алынады, бірақ электронды құжаттар санының аса көп болатынын ескерсек, олардың адам арқылы тиімді өңделуі жұмсалатын уақыт пен ресурстар тұрғысынан шығынды көп қажет етеді.

Білімдерді алудың түпкі мақсаты – жобалық шешім қабылдау барысындағы сарапшының немесе автоматтандырылған жүйенің ақпараттық қолдауы болып табылады. Мамандармен құрастырылған құжаттарда әр түрлі мәселелерді шешуге арналған әдістер, параметрлерді

таңдауға арналған ұсыныстар және ұйым қызметінің түрлі саласында пайдалы болатын т.б. білімдер сипатталуы мүмкін. Осылайша, білімдерді алу жүйесінің негізгі қызметі құжаттар қорындағы пайдалы мәліметтерді ақпараттық іздестіру болып табылады. Алайда, осы есеппен қатар автоматты классификациялаудың, кластерлеудің және құжаттарды аннотациялаудың аралық есептері де шешілуі тиіс. Осы уақытқа дейін осындай табиғи тіл мәтіндерінің есептерін шешудің көптеген жаңа әдістері жасалынды, сонымен қатар қолданыстағы бар әдістердің тиімділігі де жоғарылап жатыр.

Көптеген ұйымдардың білімдерді басқару (Knowledge Management) жүйелерінде осы ұйымдардың мамандандырылуына сәйкес пәндік саланы сипаттайтын пәндік онтологияларды сарапшылар құрастырады. Онтологияны қолданып сипатталатын білімдер моделі концепттер (түйінді ұғымдар) жиынтығы мен олардың арасындағы байланысты көрсетеді. Мәтіндік талдау есептерінде онтологияны қолдану мәтіндік құжаттардан білімдерді алу мен өңдеу есептерін шешудің тиімділігін жоғарылатады.

Онтология – интеллектуальды жүйелерде білімдерді ұсынудың бір түрі. Онтология деп қарастырылатын пәндік саланың ұғымдар жүйесін, олардың арасындағы қатынастар мен амалдарды түсінеміз, басқаша айтқанда, онтология – пәндік сала мазмұнының анықталуы (спецификациясы). Мысалы, «Интеллектуальды жүйелер» онтологиясы мынадай түрде болуы мүмкін: *Интеллектуальды жүйелер = {интеллект; нейрон; нейрондық желі; кері байланыс; логика; білім; ...}*, сонымен қатар концепттер арасындағы байланыстардан тұрады, «*Кері байланыс – нейрондық желінің* қасиеті».

Онтологияны рольдік кластерлеуде қолдану. Онтология концепттерін «нысан», «құрал», «қасиет» және «іс-әрекет» кластары (рольдері) бойынша рольдік кластерлеуде осы концепттерді (түйіндік ұғымдарды) әр түрлі мағыналық категорияларға орналастыру қарастырылады. Мұндай категория концепттері «қарапайым» деп аталады. Рольдердің мүмкін болатын комбинацияларын «күрделі» концепттерді құруда қолдану болады. Айталық, «компьютер жылдамдығын талдау әдісі» сияқты сөз тіркесін жоғарыда келтірілген рольдерге тән 4 қарапайым концепттен тұратын күрделі концепт ретінде қарастыруға болады. Бұл мысалда «әдіс» – құрал, «талдау» – іс-әрекет, «жылдамдық» – қасиет, «компьютер» – нысан ретінде болып тұр[1].

Құжаттар бойынша ақпараттық іздестіру есептерінде осыған ұқсас әдістерді қолдану біршама дәрежеде сұранысты құрайтын ұғымдар семантикасын есепке алуға мүмкіндік береді және іздеу дәлдігін жоғарылатады. «Әдісті талдау» деген сұратуда іздестіру жүйесі «әдіс»-ті – нысан ретінде, және «талдау»-ды – іс-әрекет ретінде түсінеді. Бұл ретте қажет емес құжаттар қарастырылмайды. Рольдік кластерлеуді қолдану іздестіру толықтығын жоғарылатуға қабілетті.

Онтологияны классификациялау мен кластерлеу есептерінде қолдану. Құжаттарды классификациялау мен кластерлеу есептерінде онтологияны қолдану табысты нәтижелерге жеткізіп отыр. Келтірілген жағдайлардың барлығында онтологияны қолдану пәндік саланы айқындайтын маңызды концепттер жинағын ұсынады. Олардың қолданылуы пәндік салаға жатпайтын ұғымдарды талдауға кететін машиналық уақытты жоғалтпауға мүмкіндік береді, ал классификациялауда – классификатордың аса шығындық оқытуларын жүргізбейді, себебі классификатор құрастырылған онтологиямен беріледі. Аталған есептерді шешу сапасы құрастырылған онтологияның сапасы мен толықтығына тікелей байланысты болады.

Құжаттық деректер қорын пайдаланатын мамандарға жұмыс барысында құжаттардың барлық жиынтығы емес, тек оны қызықтыратын пәндік салаға сәйкес құжаттар ғана қажет болуы мүмкін. Мұндайда, деректер қорындағы құжаттарды категориялар бойынша классификациялау есебі өзекті болып табылады. Мысал келтірсек, құжаттарды классификациялау спамдарды фильтрлеу есептерінде, хаттарды тақырыптар бойынша таратуда, электронды сауда жүйелерінде және де басқа көптеген интеллектуальды жүйелерде ерекше орын алады. Сонымен қатар, ақпараттық іздестіру есептерінде құжатты белгілі бір класқа алдын-ала топтастыру, сұраныс тақырыбына жатпайтын құжаттарды алып тастауға мүмкіндік береді, әрі уақыт пен есептеу қорларын үнемдейді.

Құжаттарды тақырыптар бойынша қолмен орналастыру классификациялаудың алғашқы әдісі болып табылады. Бірақ, бүгінгі таңда өңдеуге болатын құжаттардың саны өте көп, ал бұл сарапшылар жұмысы барысында, пайдамен салыстыруға келмейтін құралдар мен уақыт шығындарына әкеп соғады. Сондықтан, 1960 жылдардан бастап мәтіндік құжаттарды автоматты түрде классификациялау мәселелері үлкен қызығушылыққа ие болып келеді. Бұл саладағы сарапшы жұмысын автоматтандыруға арналған бастапқы тәсілдер, мәтінді өңдеу жүйелеріне *«егер – онда»* түріндегі ережелерді жазудан тұрды, яғни сарапшы берген шарт орындалған жағдайда құжат нақты тақырыпқа бөлініп отырды. Классификациялау шарты мынадай түрде болды: *Егер (ДНФ) → Онда (категория)*, мұндағы, *ДНФ* – дизъюнктивті нормальды формада өрнектелген шарт, ал *категория* – бұл ДНФ ақиқат болғанда құжатты орналастыратын тақырыптар. Бұл әдістің қарапайым және тиімді екендігі көрініп тұр, бірақ ережелерді жазу және олардың өзектілігін негіздеу үшін сарапшы жұмысы талап етіледі.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында мұндай ережелер машиналық оқыту әдістерімен ығыстырылды. Бұл әдістердің артықшылығы, көрініп тұрғандай, жүйелер сарапшының қатысуын талап етпейді және классификациялау ережесін жазуға мұқтаж емес. Ережелерді оқытатын таңдамалар негізіндегі жүйелер құрастырады. Қазіргі кезде, классификациялау есептерін шешуде «қарапайым» байес классифкаторы, Роккио әдісі, «k жақын көршілестер» әдісі, тіректік вектор әдісі және осы әдістердің түрлі нұсқалары (модификациялары) аса танымал болып отыр. Ықтималды байес классификаторынан басқа әдістердің барлығы құжаттың векторлық бейнеленуін қолданады, оның мазмұны құжат ішіне кіретін терминдердің векторы түрінде ұсынылады. Классификатор – бұл маңызды құжат, оның векторы оқыту кезеңінде құрылады және термин салмақтарының мәнін орташа мәнге келтіруден тұрады. Жоғарыда келтірілген әдістердің барлығы ортақ қасиеттерге ие, тек вектор-классификаторды оқыту және құрастыру әдісімен ерекшеленеді. Екі вектор арасындағы бұрышты олардың ұқсас дәрежелері ретінде есептеу классификацияның өзі болып табылады: егер құжат векторы классификатор векторына жақындау болса, онда құжат сол берілген категорияға жатқызылады.

Егер классификациялау үшін пәндік саланың онтологиясы қолданылатын болса, онда құжат векторын онтология векторының өзімен салыстыруға болады. Мұнда машиналық оқытудың классикалық әдістерінен екі маңызды айырмашылық байқалады. Бірінші айырмашылық: онтологияны қолдану классификаторды оқыту кезеңінен бас тартуға мүмкіндік береді. Пәндік саланы онтология түрінде сипаттаудың өзі классификатор болып табылады, сондықтан оқытатын таңдамалардан орташа мәнге ие («орташаланған») құжатты құрастыру үшін уақыт пен есептеу қорлары жұмсалмайды. Екінші айырмашылық: қарастырылатын онтологияға кірген терминдер ғана құжат векторына кірістіріледі. Бұл дегеніміз, онтология концепттерінің жинағына кірмейтін ұғымдар, терминдердің салмақтарын есептеу процесінен алынып тасталады. Сонымен қатар, онтология түріндегі классификатор «орташаланған» құжат түріндегі классификатордан ерекшеленеді. Екі жағдайда да классификатор пәндік салаға сәйкес «эталонды» құжат моделі болып табылады. Егер ол «орташаланған» құжат болып табылса, онда оның құрамына құжаттарда қолданылған, бірақ сипаттайтын бөлімге қатысы жоқ терминдер кіруі мүмкін. Онтология жағдайында, керісінше, ешқандай артық ұғымдарсыз, классификатор пәндік саланың сипаттамасы болып табылады. Жалпы айтқанда, бұл классификатор – түрлі жүйелер мен түрлі есептер құрамында қолдану тұрғысынан қарастырғанда анағұрлым әмбебап.

Құжаттың класқа (онтологияға) сәйкес келу дәрежесі құжатта табылған, берілген онтологиядағы барлық терминдер салмақтарының қосындысы ретінде есептеледі [2]:

$$R_{dC} = \sum_{t \in C} w_{td} \ ,$$

мұндағы, R_{dC} – d құжатының C кластерге сәйкестік дәрежесі, w_{td} – d құжатындағы t терминінің салмағы.

Онтологиядағы концепттердің рольдер бойынша бөлінгенін ескере отырып, рольдер үшін әр түрлі салмақтар енгізу қажет, сонымен бірге күрделі концепттерді бөлек өңдеу керек. Өлшеудің келесі әдісі біршама жақсы:

$$w_{td} = \begin{cases} tf, & \textit{егер концепт қарапайым және оның ролі «нысан»,} \\ 0.1 \cdot tf, & \textit{егер концепт қарапайым,} \\ (1+k)*tf, & \textit{егер концепт күрделі,} \end{cases} \qquad (1)$$

мұндағы, tf – концепттің құжатқа ену саны, k – концепттің күрделілігін ескеретін коэффициент.

Пәндік сала «нысан» типіндегі концептпен анағұрлым толық сипатталады деген болжам бар, ал қалған типтегі концепттер әр түрлі пәндік салаға қатысты инвариантты болуы мүмкін. Бұл тұжырым классификаторды тексеру барысында эксперименталды түрде расталған – егер құжатта кездескен барлық қарапайым концепттерге олардың мәтінге ену санына сәйкес келетін тең салмақтары меншіктелсе, онда құжат бірден тең ықтималдылықпен барлық кластарға жатқызылатын болады. Бұдан шығатын қорытынды, нысан – ұғымын анағұрлым маңызды ету керек, ал қалғандарына салмақтарды басқа сызбанұсқа бойынша меншіктеген дұрыс.

(1)-ші формуладан көрініп тұрғандай өлшеудің ұсынылған сызбанұсқасы бұл пікірді ескереді. Сонымен қатар, (1)-формулада күрделі терминдердің салмақтарын жай терминдердің санына байланысты жоғарылату ескерілген.

Қорытындылай келсек, онтологияны қолданатын классификаторлар тиімді болып табылады. Онтологияны қолдану арқылы дұрыс классификацияланған құжаттар пайызы едәуір жоғары болып отыр. Мұндай жағдайда классификациялау сапасы құрылған онтологияға тікелей қатысты болады. Онтологиялар білімдерді басқарудың басқа да есептерінде қолданылуы мүмкін, оның тиімділігі оларды құру мен қолдау шығындары тұрғысынан дәлелденіп отыр. Құжатты тақырыпқа жатқызу ондағы нақты терминдердің болуымен ғана емес, сонымен қатар, құжат пен онтологияның жақындық шамасын есептеу негізінде жүргізіледі. Сондықтан да, қарастырылып отырған тәсіл құжаттарды классификациялауда бұрыннан бар әдістердің тиімділігі мен жаңадан шыққан әдістердің әмбепаптығын өзіне біріктіреді.

Әдебиеттер

1. Норенков И.П. Задачи управления знаниями, извлекаемыми из текстовых документов. // Электронное научно-техническое издание «Наука и образование», 2011, 9.

2. Bevainyte A., Butenas L. Document classification using weighted ontology// Materials Physics and Mechanics, 2010, №9

Г. ШЫНАТАЙ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРДІ ӨҢДЕУ

Қазақ тіліндегі мәтінді,сөйлемді, сөз тіркестерін математикалық лингвистика әдісімен зерттеу және сөйлемдерді талдау мен құруды автоматтандыру проблемасы қазіргі кезде лингвистика және информатика саласында өте өзекті болып табылады.Соның ішінде сөйлемдерді семантикалық талдау мәселесі компьютерлік лингвистика бағытында маңызды.Өйткені бұл мәселенің шешімі авторлық құқықты қорғаумен тікелей байланысты,

мысалы антиплагиат.Бұл мәселені шешуге арналған әдістер мен программалар бар, алайда мағынасы бойынша қазақ тіліндегі мәтіндерді салыстыратын жетілдірілген программа мен оның теориялық негіздемесі жоқ.

Қазіргі таңда Хэмминг және Хопфилд нейрожелілерін қолдану арқылы лингвистика саласының көптеген өзекті мәселелерін шешуге болады.Семантикалық талдау барысында сөз тіркестерін өңдеу қарастырылады. Сөз тіркесі сөздердің бір бірімен тіркесуімен жасалады. Сөздер зат пен құбылысты, сапа мен белгіні немесе іс-әрекетті атайды. Сөз тіркестерінде зат пен құбылыс, сапа мен белгі немесе іс-әрекеттер жеке сөздердегідей дара күйінде емес, өзара бір-бірімен байланысты болады. Сөз тіркестерінің синтаксисі сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі, тіркесу тәсілдері мен сұлбаларын (формаларын) және сөз тіркестерінің құрамы мен түрлерін морфологиямен тығыз байланыста қарастырады. Онда сөздерді сөз тіркесі мен сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал жалғауларды сөздердің бір бірімен қиюластырып тұратын морфологиялық-синтаксистік категория ретінде зерттейді.

Сөз тіркестері грамматикалық тәсілдер арқылы байланысқан кем дегенде екі толық мағыналы сөзден құралады. Құрастырушы сыңарлар бірі *бағыныңқы,* екіншісі *басыңқы* мүше ретінде қызмет атқарады. Сыңарлар бір бірімен өзара сабақтасып, белгілі бір мағыналық және синтаксистік заңдылықтар негізінде байланысады. Сөз тіркесі атау құралы ретінде негізгі сөз (басыңқы) арқылы затты, құбылысты, үрдісті (процесті), сапаны белгілейді.

Сөздер жалғаулар арқылы байланысуы мүмкін. Сөздер байланысуының бес түрі бар: *қабысу*, *матасу*, *меңгеру, қиысу*, *жанасу*.Стратегияларда ақырлы автоматпен деңгей бойынша бөлу жүріледі.

Жұмысымызда қазақ тіліндегі сөз тіркестерін өңдеу үшін ақырлы автоматты қолданудың сипаттамалары анықталады Осы мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттер қойылды:

- мәтінді сөз, сөйлем, азат жолдарға бөлу;
- ішкі құрылымдарын білместен бұл деңгейлерге біробразды қарау;
- бұл деңгейлерді бастапқы күйінде қалтырмау керек, себебі мәтіндердің көп мөлшерде көшірілімі жасалынады;



Деңгейлер индекстермен белгіленген тізім болып сақталынады.Логикалық түрде мұнда диапазондар концепциясы кірістіріледі (Range, [1], [2], [3]); Диапазондарда бастапқы және ақырғы индекстері бар: RangeItem(BeginIndex, EndIndex), немесе бастапқы индекс және жылжу саны: Range(BeginIndex, Count). Индекстер мәтіндегі символдардың позициясымен нақты сәйкес келеді. Егер толық мәтінді белгілейтін болсақ, онда келесі түрде болады RangeItem(1, Length(Text)).Ал егер бізге мәтін ортасындагы азат жол керек болса RangeItem(312031, 312355) белгіленуі қолданылады. Сөз тіркестерінде қолданылуы мысалы: есімді (1.1), етістікті (1.2), меңгеру (2.1.1), қабысу(2.1.2), матасу(2.1.3),қиысу (2.1.4),меңгеру (2.2.1), қабысу(2.2.2), қиысу(2.2.2) .Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері зат есім мен зат есімнің тіркесі түрінде (3.1.2.1.1,3.1.2.2.1), сын есім мен зат есімнің тіркесі түрінде (3.1.2.1.2, 3.1.2.2.2.1),есімше мен зат есім тіркесі түрінде (3.1.2.1.4, 3.1.2.2.4.1).Тізімдер диапазоны мәтіннің тура көшірілімі жасалынбаған мәтін бөлімдері болып көрсетіледі.

1	Сөз тіркестері
1.1	Есімді
1.2	Етістікті
2.1.1	Меңгеру
2.1.2	Қабысу
2.1.3	Матасу

2.1.4		Қиысу
2.2.1		Меңгеру
2.2.2		Қабысу
2.2.3		Қиысу
2.2.4		Жанасу
3.1.2.1.1	Зат есім	3.1.2.2.1.1 Зат есім
3.1.2.1.2	Сын есім	3.1.2.2.2.1 Зат есім 3.1.2.2.2.3 Сан есім 3.1.2.2.2.4 Есімдік
3.1.2.1.3	Сан есім	3.1.2.2.3.1 Зат есім 3.1.2.2.3.2 Сын есім 3.1.2.2.3.4 Есімдік
3.1.2.1.4	Есімше	3.1.2.2.4.1 Зат есім 3.1.2.2.4.2 Сын есім 3.1.2.2.4.3 Сан есім 3.1.2.2.4.4 Есімдік
3.1.2.1.5	Үстеу	3.1.2.2.5.1 Зат есім 3.1.2.2.5.2 Сын есім 3.1.2.2.5.3 Сан есім 3.1.2.2.5.4 Есімдік



Қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөздің грамматикалық мағынасына, тұлғасына бейімделе



тиісті жалғауда айтылып байланысады.

1. Бағыныңқы сөз – есімді, орын тартібі арқылы, қабысу, сын есім + зат есім.
2. Басыңқы сөздің –есімді, орын тартібі арқылы, қабысу, сын есім + зат есім+ілік септік жалғауы.
3. Грамматикалық мағынасына – есімді, қабысу, сын есім+ зат есім.
4. Грамматикалық тұлғасына – есімді, қабысу, сын есім+ зат есім.
5. Мағынасына бейімделе – етістікті, меңгеру, жалғау арқылы, зат есім + барыс септік жалғауы + етістік.
6. Тұлғасына бейімделе – етістікті, меңгеру, жалғау арқылы, зат есім + барыс септік жалғауы + етістік.
7. Сөздің мағынасына – есімді, жалғау арқылы, матасу, зат есім + ілік септік + зат есім
8. Сөздің тұлғасына – есімді, жалғау арқылы, матасу, зат есім + ілік септік + зат есім
9. Тиісті жалғауда - есімді, қабысу, сын есім + зат есім.
10. Бейімделе байланысады - етістікті, жанасу, үстеу + етістік.
11. Қиысуда байланысады – етістікті, жалғау арқылы, меңгеру, зат есім+ етістік.
12. Сөз байланысады – етістікті, қиысу, зат есім + етістік+ тәуелдік жалғауының III-жағы, жекеше

Жұмыс барысында диапазондардан абстракцияны алға қою мәселесі шығып отыр. Жалпы мәтіннің бірінші және соңғы жолдарын көрсететін диапазондар тізіміне қарағанда, біз тек соның негізіндегі мәтінді көре алуымыз керек. Сөздерді анықтау басты мәселе емес. Сөйлемдерді анықтау кезінде кейбір қиындықтармен кездесеміз. Мысалы сөйлемнің соңын анықтайтын легальді белгілердің,яғни нүкте, сұрақ, леп белгілер мәселесі.Міне осындай легальді белгілердің қайталанып,қатар келуі немесе бір сөйлемнің ішінде бірнеше рет кездесуі сөйлемдер санының өз санынан артық болып кетуіне әкеледі. Бұл мәселені шешудің бірден бір жол – ақырлы автомат. Ақырлы автоматтың қолданылуының бірегей себебі,келіп түскен символдар тізімінің құрылымын анықтайды: сөз, тыныс белгілер, функциялар, құрылымдар, әдісі және өрісі бар толық кластар. Осындай тәртіппен код анализаторлары, компиляторлар, компьютерлер жұмыс істейді.Қорытындылай келсек, алынған ғылыми нәтижелердің ғылыми-практикалық құндылығы қазақ тілінің теориясын жетілдіруге және оның қолданыс аясын кеңейтуге ықпал жасайтындығы. Жұмыс нәтижесі қазақ тілінде мәтіндік процессорлар, ақпараттық технологиялар мен жүйелер және басқа да программалық дестелер жасауда өз үлесін қосары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. «Мәтіндік анализатор» жобасының негіздемелері (Borland C++ Builder 6.0)

2. Ақырлы автоматтарған арналған мәтінді деңгейлерге бөлетін өтілім кестелері

3. Серғалиев М.С. Сөйлем және сөз тіркесі. Материлы учебно-теор. конф.Уақыт ұштастырған желі: көшпелілер әлемі XX ғасырдағы тарих ғылымында. -Астана, 2004, -Б.20-25

4. Балақаев М. Б. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. -237б.

СӨЙЛЕУЛЕРДІ СИНТЕЗДЕУ ЖӘНЕ ТАНУ ЖҮЙЕЛЕРІ
СИСТЕМЫ РАСПОЗНАВАНИЯ И СИНТЕЗА РЕЧИ
SPEECH RECOGNITION AND SYNTHESIS SYSTEMS

Т.И. ИБРАГИМОВ[1], Ф.И. САЛИМОВ[2]

[1]Казанский федеральный университет, г.Казань, Россия
[2]Казанский федеральный университет,
Институт прикладной семиотики АН РТ, г.Казань, Россия

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ СИНТЕЗА ТАТАРСКОЙ РЕЧИ ПО ОРФОГРАФИЧЕСКОМУ ТЕКСТУ

В настоящее время проблема синтеза речи считается, в основном, решенной. Существующие синтезаторы довольно качественно произносят тексты, написанные на многих европейских языках, в том числе и на русском языке[1-4]. Насколько нам известно, синтезаторов речи для тюркских языков, нашедших широкое распространение, сегодня не существует. В данной публикации мы остановимся на трудностях, с котрыми столкнулись при разработке синтезатора татарской речи.

